Abstract. Small and Medium-Sized Enterprises (SMEs) are structures that form the backbone of the global economy and play an important role in creating employment. In today's rapidly changing and digitalizing world, it is critical for SMEs to invest in digital transformation and innovation to ensure their competitiveness and sustainability. This article examines the importance of digitalization and innovation in SMEs and the effects of these processes on businesses. Digitalization enables businesses to transform their business processes and increase their efficiency by using digital technologies. In particular, technologies such as cloud computing, artificial intelligence, the internet of things and big data analytics enable SMEs to reduce operational costs, improve customer experiences and develop more flexible business models. Innovation is another critical factor for SMEs to gain competitive advantage. The purpose of this article is to discuss the strategies and practices needed to successfully manage digitization and innovation processes for SMEs. In this context, attention is paid to the impact of digitalization and innovation on SMEs, the challenges encountered in implementing these processes, and successful strategies. The article also analyzes the main parameters of SME development. An assessment of the indicators of innovative activity of enterprises for 2013-2023 was carried out. As a result, the adoption of digitalization and innovation by SMEs is crucial for long-term success and sustainable growth.

Keywords: Small and medium business, digitization, innovation, enterprise, competitive advantage

References

1. Popov E.V., Semjachkov K.A. Problemy jekonomicheskoy bezopasnosti cifrovogo obshhestva v uslovijah globalizacii [Problems of economic security of digital society in the context of globalization], Jekonomika regiona [Regional Economics], – 2018. – V. 14. – №. 4. – P. 1088-1101. [in Russian]

2. Dem'janova O.V., Dimmieva A.R. Cifrovizacija kak tochka rosta promyshlennogo predpriyatija [Digitalization as a growth point for an industrial enterprise], Social'no-jekonomicheskie i pravovye osnovy innovacionnogo razvitija [Socio-economic and legal foundations of innovative development], – 2018. – P. 33-43. [in Russian]
3. Isensee C. et al. The relationship between organizational culture, sustainability, and digitalization in SMEs: A systematic review //Journal of Cleaner Production. – 2020. – V. 275. – P. 1-16.
4. Voza D., Szewieczek A., Grabara D. Environmental sustainability in digitalized SMEs: Comparative study from Poland and Serbia //Serbian Journal of Management. – 2022. – V. 17. – №. 1. – P. 15-31.
5. Lorenz R. et al. Digitization of manufacturing: the role of external search //International Journal of Operations & Production Management. – 2020. – V. 40. – №. 7/8. – P. 1129-1152.
6. Sarbu M. The impact of industry 4.0 on innovation performance: Insights from German manufacturing and service firms //Technovation. – 2022. – V. 113. – P. 20-43.
7. Solberg E., Traavik L.E. M., Wong S. I. Digital mindsets: Recognizing and leveraging individual beliefs for digital transformation //California management review. – 2020. – V. 62. – №. 4. – P. 105-124.
8. Xu Y. et al. Digital Innovation Ecosystem: Research Context, Research Hotspot and Research Trends-Knowledge Mapping Analysis Using Citespace //J. Electron. Inf. Sci. – 2020. – V. 5. – P. 72-80.
9. PwC, 2020. Global Top 100 companies by market capitalization. Update to 30 June 2020. Retrieved 28th of July 2020 from. <https://www.pwc.com/gx/en/audit-services/publications/assets/global-top-100-companies-june-2020-update.pdf>.
10. Rachinger M. et al. Digitalization and its influence on business model innovation //Journal of manufacturing technology management. – 2018. – V. 30. – №. 8. – P. 1143-1160.
11. Neumeyer X., Santos S. C., Morris M. H. Overcoming barriers to technology adoption when fostering entrepreneurship among the poor: The role of technology and digital literacy //IEEE Transactions on Engineering Management. – 2020. – V. 68. – №. 6. – P. 1605-1618.
12. Scuotto V. et al. A microfoundational perspective on SMEs' growth in the digital transformation era //Journal of Business Research. – 2021. – V. 129. – P. 382-392.
13. Müller J. M., Buliga O., Voigt K. I. Fortune favors the prepared: How SMEs approach business model innovations in Industry 4.0 //Technological forecasting and social change. – 2018. – V. 132. – P. 2-17.
14. Hahn G. J. Industry 4.0: a supply chain innovation perspective //International Journal of Production Research. – 2020. – V. 58. – №. 5. – P. 1425-1441.
15. Hervas-Oliver J. L., Sempere-Ripoll F., Boronat-Moll C. Technological innovation typologies and open innovation in SMEs: Beyond internal and external sources of knowledge //Technological Forecasting and Social Change. – 2021. – V. 162. – P. 1-19.
16. Kazakhstan ranking in the Global Innovation Index 2023. [Electronic resource] - Available at: <https://www.wipo.int/gii-ranking/en/kazakhstan> (accessed 16.06.2024).
17. Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ultyk statistika byurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://stat.gov.kz> (accessed 16.06.2024) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Сыздықова А.О. – хат-хабар авторы, PhD, «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханов к., 29. 161200, Түркістан, Қазақстан.

Жетибаев Ж.К. – PhD, «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханов к., 29. 161200, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Сыздықова А.О. – автор для корреспонденции, PhD, доцент кафедры «Экономика, финансы и учет», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул.Б.Саттарханова, 29. 161200, Туркестан, Казахстан.

Жетибаев Ж.К. – PhD, старший преподаватель кафедры «Экономика, финансы и учет», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул.Б.Саттарханова, 29. 161200, Туркестан, Казахстан.

Information about authors:

Syzdykova A.O. – corresponding author, PhD, Associate Professor of Department of Economics, Finance and Accounting, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, B.Sattarkhanov st., 29. 161200, Turkistan, Kazakhstan.

Zhetibayev Zh.K. – PhD, Lecturer of the Department of "Economics, Finance and Accounting", Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, B.Sattarkhanov st., 29. 161200, Turkistan, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



GTAMP 06.52.17
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-4-23-40>

Мемлекеттің инновациялық дамуындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі: кластерлік тәсіл

Б.С. Тусупбаева¹, Б.М. Искаков^{2*}, М.К. Тузубекова³

^{1,3} «Туран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹darinaika167@mail.ru, ²iskakov82@mail.ru, ³t-madina@yandex.ru)

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттің инновациялық дамуындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызы мен рөлі қарастырылады. Авторлармен әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған тиімді бизнес үлгісі ретінде сипатталып, оның инновациялық экожүйені дамытудағы ықпалы талданылды.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты кластерлік тәсілді қолдану арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың әдістері мен механизмдерінің дамуын анықтау. Бұл тәсіл әлеуметтік кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары мен жеке сектор арасындағы серіктестікті күшейтуге бағытталған. Мақалада әлеуметтік кәсіпкерлікке негізделген кластерлердің аймақтық және ұлттық деңгейдегі инновациялық әлеуетті арттырудағы рөлі көрсетілген.

Авторлар теориялық, салыстырмалы және жүйелік талдау әдістерін қолдана отырып әлеуметтік кәсіпкерлікке бағытталған кластерлік тәсілдің халықаралық және отандық тәжірибелерін салыстыру арқылы олардың тиімділігін анықтады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оның ішінде кластерлік тәсілдің әлеуетін іске асыру үшін қажетті құралдарды сипаттайды. Зерттеу нәтижелері инновациялық даму стратегиялары мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде әлеуметтік кәсіпкерлікті интеграциялаудың тиімді жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: Әлеуметтік кәсіпкерлік, инновациялық даму, кластерлік тәсіл, инновациялық экожүйе, мемлекеттік саясат, мемлекет пен бизнестің серіктестігі, инновациялық кластерлер.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік экономикадағы өзгерістер мен жаһандық сын-қатерлер мемлекеттердің инновациялық даму стратегияларын қайта қарауға ықпал етуде. Инновациялардың тұрақты экономикалық өсу мен әлеуметтік прогреске қол жеткізудегі маңыздылығы айқын. Бұл тұрғыда әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамның әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешудің инновациялық тәсілдерін ұсынатын тиімді құрал ретінде ерекше орын алады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің басты ерекшелігі – әлеуметтік мақсаттарды бизнестің негізгі қозғаушы күші ретінде қарастыру. Бұл модель қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайту, жұмыссыздықты төмендету және тұрақты дамуға үлес қосу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Әлеуметтік кәсіпкерліктің бұл әлеуетін толық іске асыру үшін мемлекет, бизнес және ғылыми қауымдастық арасында тығыз ынтымақтастық қажет.

Кластерлік тәсіл әлеуметтік кәсіпкерлік пен инновациялық даму процестерін интеграциялаудың тиімді механизмі ретінде танылып отыр. Бұл тәсіл әлеуметтік кәсіпорындарды біріктіріп, олардың ресурстарды, білім мен технологияларды бөлісуі арқылы инновациялық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми және саяси ортада көптеген жылдар бойы адамға бағытталған экономика моделіне көшу қажеттілігі талқылануда. «Адам үшін мемлекет» құру мемлекеттің, бизнестің және қоғамның мүдделері мен күш-жігерін үйлестірмей мүмкін емес. Мұндай ынтымақтастықтың бір формасы – әлеуметтік кәсіпкерлік. Бұл сапалы жаңа құбылыс, сондықтан оның анықтамасына әлі бірыңғай тәсіл қалыптаспаған.

Бір жағынан, бұл таза экономикалық феномен ретінде кәсіпкерлік туралы әңгіме, ол мынадай сипаттамаларға ие:

- пайдаға бағытталу;
- технологиялық инновацияларды енгізу;
- даралық көзқарас және коммерциялық қызметке тән басқа да қасиеттер.

Екінші жағынан, кәсіпкердің әлеуметтік қызметінің өзектілігі арта түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік кәсіпорындарды көбінесе коммерциялық емес және қайырымдылық ұйымдармен салыстырады. Шетелдік және отандық авторлардың көптеген зерттеулері коммерциялық, коммерциялық емес және қайырымдылық ұйымдардың негізгі айырмашылықтарын көрсетуге арналған.

Мақалада әлеуметтік кәсіпкерлікті зерттеудің басты мақсаты негізінен қызметтің ерекше формасы ретінде түсініледі, оның басты ерекшеліктері болып мыналар табылады:

- әлеуметтік миссияға (әлеуметтік мәселелерді шешуге) бағдарлану, бұл кез келген кәсіпкердің басты міндеті;
- қызметінің нәтижелері үшін жоғары жауапкершілікті көрсету;
- идеяларды, қабілеттерді, ресурстар мен әлеуметтік байланыстарды жұмылдыру мүмкіндігі;
- маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу кезінде қаржылық тұрақтылықтың негізі ретінде кәсіпкерлік стратегияларды пайдалану;

– әлеуметтік мақсаттарды көздейтін өміршең әлеуметтік-экономикалық құрылымдар мен институттарды құру;

– әлеуметтік кәсіпкерлікті әртүрлі ұйым түрлерінің экономикалық, білім беру, ғылыми-зерттеу, қайырымдылық және рухани қызметтерінің ортақтығы ретінде түсіну;

– әлеуметтік құндылықтарды құру үшін инновацияларды енгізу және оқыту.

Айта кету керек, кез келген инновацияны енгізу – кез келген ұйым дамуының ажырамас элементі және негізгі көзі болып табылады. Әлеуметтік кәсіпорындар шешуге тырысатын әлеуметтік маңызы бар мәселелер дәстүрлі тәсілдер аясында шешілмейді, сондықтан тек сапалы жаңа идеяларды ғана емес, сонымен қатар қоғам қойған міндеттерге толығымен сәйкес келетін құрылымдарды қажет етеді.

Әдеби шолу

Институционалдық ортада елеулі өзгерістер орын алуда, бұл болашақта институттардың өзгеруіне алып келеді. Сонымен қатар, модельдің өзі эволюцияланады: Й. Шумпетер зерттеулеріне сай бейімделуші тұлғасынан әлеуметтік-экономикалық «миссионер» моделіне көшу қалыптасуда [1].

Зерттеудің әлеуметтік кәсіпкерлік саласын дамытудың басында коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік ойлаудан қалай пайда көретіні және коммерциялық емес ұйымдардағы дәстүрлі құндылықтар тез өзгертін ортада бизнес құндылықтарына тап болған кезде туындайтын мәселелерді қалай шешуге болатындығы белгілі. П. Сундар [2] әлеуметтік кәсіпкерлер мен әлеуметтік кәсіпкерліктің өзгеріс агенттері ретіндегі рөлін атап өтті және инновацияға негізделген инновациялық ұйымдардың өзгермелі қоғамда баламалы билік құрылымдарын қалай құратыны туралы мысалдар келтірді. Сонымен қатар, Э. Де Леу [3] кәсіпкерлікке негізделген мұндай өзгерістер процестері қоғамдастықты біртіндеп институционализациялау арқылы күш алады деп сендірді және А. Фаулер [4] коммерциялық кәсіпкерлік пен қоғамдық әл-ауқат тұрғысынан үкіметтік емес даму ұйымдарындағы әлеуметтік кәсіпкерлік және азаматтық инновациялар идеяларын проблемалаған. Бұл салаға қосқан үлестер көбінесе әртүрлі контекстегі жағдайлық зерттеулер болды, бірақ сайып келгенде, әлеуметтік кәсіпкерлік құбылысының жаңа шеңберін жасауға тырысты.

Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы зерттеулер қазіргі кезеңде өзекті болып табылады және үлкен сұранысқа ие. Ашық университет, Бирмингем Университеті, Кембридж университеті, Дельфт технологиялық университеті-бұл әлеуметтік кәсіпкерлікті зерттеумен айналысатын ғылыми ұйымдар. Авторлар арасында М. Ниссенс, П. Трейси, Дж. Фергюсон, Дж. Дефорни, Дж. Майра, б. р. Смит, Р. Спира, ч. Триведи, Д.Вестли және т. Куни [2]. Ғалымдардың көпшілігі зерттеулерді, деректерді қалай түсіндіру керектігі туралы ықтимал сұрақтар мен ұсыныстарды жеткізетін нұсқауларға айналдыру керек деп келіскенімен [5], әдебиеттерге шолу әлеуметтік кәсіпкерлікті зерттеу саласы ерекше назар аударуға тұрарлық деп болжайды.

Әлеуметтік инновациялар кеңістігі цифрландыру және кластерлеу арқылы экономикалық кеңістікке ұқсас трансформацияларға бағынады. Экономиканы кластерлеу

– жоғары технологиялық салаларға қатысты қолданылатын инновациялық аймақтық саясаттың құралы деп саналады. Кең мағынада экономикалық кластер белгілі бір ресурстарды біріктіретін және қатысушыларының (формальды тәуелсіз ұйымдар) нақты құзыреттерін нығайтатын салалық ұйымаралық желіні білдіреді. Құқықтық тәуелсіздігін сақтай отырып, кластерге кіретін фирмалар ортақ мәселелерді шешуге қатысады, аймақтың аумағын (немесе бірнеше аймақтарды) «байланыстырады», осылайша аймақтың өмір сүру деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігіне елеулі әсер етеді.

Осы тұрғыда кластер әлеуметтік саясаттың қолайлы құралы болып көрінеді. Алайда, шетелде әлеуметтік кәсіпкерлер кластерінің мысалдары жоқ. Әрбір өнеркәсіптік кластер орналасқан аумаққа әлеуметтік әсер етуі керек деп есептеледі. Өндіріс саласындағы экономикалық әсер синергетикалық әсерге айналып, мультипликаторды іске қосу керек.

Қазақстанда, керісінше, жоғары технологиялық салалардың кластерлері көбінесе тиімсіз болып табылады, бірақ сонымен қатар әлеуметтік саладағы бірегей кластер бар. 2015 жылы Омбы облысында алғашқы «Әлеуметтік инновациялар кластері» құрылды. Кластер екі алаң жүйесін білдіреді: әлеуметтік кәсіпкер мектебі және әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын 18 ұйымды біріктіретін ұйымаралық желі.

Кластер құрылымының негізгі ерекшеліктері:

- кластерге кіретін барлық ұйымдардың коммерциялық емес сипаты;
- өндірістік кәсіпорындардың болмауы;
- тірек кәсіпорынның болмауы;
- мемлекеттік қолдаудың күшеюі;
- ғылыми-зерттеу базасының әлсіздігі;
- нақты әлеуметтік миссияның болуы және т.б.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада зерттеу жүргізу үшін келесі әдістер мен материалдар пайдаланылды:

Әлеуметтік кәсіпкерлік және кластерлік даму тақырыбындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектер және Қазақстанның инновациялық даму стратегиялары мен әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалары қарастырылды.

Зерттеу әдістері болып:

Теориялық талдау әдісінде әлеуметтік кәсіпкерлік және кластерлік тәсіл теориясының концептуалды негіздерін қарастыру үшін әдебиетке шолу жасалды. Бұл әдіс арқылы зерттеу мәселесін жан-жақты түсіну қамтамасыз етілді.

Салыстырмалы талдау әдісінде әлеуметтік кәсіпкерлікке бағытталған кластерлік тәсілдің халықаралық және отандық тәжірибелерін салыстыру арқылы олардың тиімділігін анықтау қарастырылды.

Жүйелік талдау әдісінде әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің әртүрлі элементтері мен олардың өзара байланыстарын зерттеуге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл талдау арқылы әлеуметтік кәсіпкерлік экожүйесінің құрылымын және оның дамуындағы негізгі факторларды түсінуге болады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік жүйесі келесі негізгі элементтерден тұрады:

Әлеуметтік кәсіпкерлер:

Қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған бастамашы тұлғалар немесе ұйымдар.

Олардың мақсаты – қоғамға пайда әкелетін қызметтер мен өнімдер жасау.

– Мемлекет:

Құқықтық және реттеуші базаны қамтамасыз етеді.

Субсидиялар, жеңілдетілген салық салу және гранттар арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдайды.

– Жеке сектор:

Әлеуметтік кәсіпорындарға инвестиция немесе демеушілік көмек көрсетеді.

Қоғамдық жауапкершілік аясында серіктестік орнатады.

Ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдары:

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға қажетті білім мен инновациялық шешімдер ұсынады.

Кәсіпкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

– Қоғам:

Әлеуметтік кәсіпорындардың қызметін қолдайтын немесе тұтынушы ретінде қатысатын негізгі топ.

Әлеуметтік кәсіпкерлік жүйесіндегі өзара байланыстарға мемлекет пен әлеуметтік кәсіпкерлердің байланысын жатқызуға болады.

Осы кезде мемлекет қолдау көрсетіп, әлеуметтік кәсіпкерлердің қызметіне оңтайлы жағдай жасайды.

Әлеуметтік кәсіпкерлер қоғамдағы мәселелерді шешуде мемлекеттің күшін толықтырады.

Әлеуметтік кәсіпкерлер мен жеке сектордың байланысы:

Жеке сектор әлеуметтік кәсіпорындардың жобаларын қаржыландыру арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуге үлес қосады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің кластерлік тәсілін зерттеудің келесі бір түрі, ол SWOT-талдау.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің кластерлік тәсіл арқылы дамуының күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін бағалаумен айналысады.

Кесте 1 Әлеуметтік кәсіпкерліктің SWOT-талдауы

«Күшті жақтар (Strengths)»	«Әлсіз жақтар (Weaknesses)»	«Мүмкіндіктер (Opportunities)»	«Қауіптер (Threats)»
Әлеуметтік мәселелерді шешуі	Қаржыландырудың шектеулі болуы	Мемлекеттік қолдау бағдарламаларын дамыту	Экономикалық тұрақсыздық
Қоғамның тұрақты дамуына үлес қосуы	Құқықтық және реттеуші базаның жеткіліксіздігі	Инновациялық кластерлер құру арқылы ресурстарды біріктіру	Инфрақұрылымдық қолдаудың болмауы

Инновацияларға бейімділігі	Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы төмен хабардарлық	Халықаралық тәжірибені енгізу	Қоғамның сенімсіздігі немесе қызығушылығының төмендеуі
Мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастықты нығайту	Кәсіпкерлердің басқарушылық дағдыларының жетіспеушілігі	Жастар мен қоғам белсенділігін арттыру	Бәсекелестіктің артуы

Ескерту: [6] негізінде авторлармен құрастырған

Экономиканың басқа салаларындағыдай, кластердің экономикалық нәтижелері өз дәрежесіне көтеріле алмай келе жатыр, бірақ кластерге қатысушы ұйымдардың бірлескен қызметінің әлеуметтік әсерін бағалауға болады. Осылайша, әлеуметтік сала өзінің «мәңгілік» мәселелерімен инновациялар экономикасының саласы ретінде қарастырылуы мүмкін. Өндірісте ғана емес, әлеуметтік секторда да қызметті құрылымдау мен ұйымдастырудың жаңа механизмдері, мәселелерді түсінудің жаңа тәсілдері қажет. Әлеуметтік кәсіпкерліктің экономиканың дамуына қосқан үлесі әлі анықталуы керек, бірақ бұл қызметтің болашақта қандай пайда әкелетіні қазірдің өзінде айқын.

Кесте 2 Әлеуметтік инновациялардың тиімділігін өлшеу және бағалау

Көрсеткіш	Сипаттама	Маңыздылығы
Әлеуметтік әсер	Өмір сүру сапасын жақсарту, қоғамдық мәселелерді шешу	Жоғары
Экономикалық тиімділік	Шығын мен нәтиже қатынасы	Орта
Шешімдердің тұрақтылығы	Шешімдердің уақыт өте келе өз әсерін сақтау қабілеті	Жоғары

Ескерту: [7] негізінде авторлар құрастырған

Әлеуметтік инновациялардың тиімділігін өлшеу және бағалау – олардың қоғамдағы нақты әсерін анықтау үшін қажетті маңызды процесс. Бұл процесс инновациялардың қаншалықты тиімді екенін, олардың әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесін, сондай-ақ олардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік инновациялардың тиімділігін өлшеу үшін арнайы көрсеткіштер қолданылады. Олар бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

Әлеуметтік әсер:

– Қанша адамға көмектесті және қоғамдағы қандай өзгерістерге қол жеткізілді (мысалы, жұмыссыздық деңгейін төмендету, экологиялық жағдайды жақсарту) деген сұрақтарға жауап іздейді

Қамту деңгейі:

– Инновацияның қаншалықты кең ауқымды адамдарды немесе аймақтарды қамтығаны.

Сапалық көрсеткіштері болып қызмет алушылардың өмір сапасының жақсаруы мен қоғамның әлеуметтік инновацияға қанағаттану деңгейін анықтайды.

Әлеуметтік инновациялардың тиімділігін бағалаудың әртүрлі әдістері бар:

Көпөлшемді талдау:

– Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және мәдени әсерлерді талдау арқылы жан-жақты баға беру.

SROI (Social Return on Investment):

– Әлеуметтік қайтарымдылықты қаржылық тұрғыдан өлшеу. Мысалы, инвестицияланған 1 теңге қаншалықты әлеуметтік пайда әкелді.

Нәтижелер мен талқылау

Әлеуметтік инновациялардың тиімділігін өлшеу мен бағалау олардың қоғамдағы маңыздылығын және ұзақ мерзімді әсерін анықтауға көмектеседі. Бұл үдеріс инновациялардың сапасын арттыруға, ресурстарды тиімді пайдалануға және жаңа әлеуметтік шешімдерді табуға негіз болады. Әлеуметтік инновациялардың нәтижелерін дұрыс бағалау арқылы олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және қоғамға тигізетін оң әсерін арттыруға болады.

Кесте 3 Кластерді қолдаудағы мемлекеттік органдардың рөлі

Қаржыландыру Әлеуметтік инновациялық жобаларға гранттар, несиелер және салық жеңілдіктерін бөлу.	Инфрақұрылым Кластерді дамыту үшін коворкинг алаңдарын, акселераторларды және басқа да инфрақұрылымдық нысандарды құру.
Нормативтік құқықтық база Әлеуметтік инновацияларды дамыту үшін қолайлы нормативтік-құқықтық ортаны қалыптастыру	Экожүйе Әртүрлі кластер мүшелерінің өзара әрекеттесуін ынталандыру.

Ескерту: [8] негізінде авторлар құрастырған

Кластерлер – бұл бір салада немесе өңірде жұмыс істейтін ұйымдардың, кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу орталықтарының және басқа субъектілердің кооперациясы. Мемлекеттік органдар кластерлердің қалыптасуында және олардың тиімді жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады, себебі олар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары.

Құқықтық және институционалдық қолдау:

– Мемлекеттік органдар кластерлерді дамыту үшін заңнамалық базаны құрады.

– Мысалы, арнайы экономикалық аймақтар немесе кластерлік саясатты қолдайтын нормативтік-құқықтық актілер қабылданады.

Қаржылық қолдау:

– Мемлекет субсидиялар, гранттар және жеңілдетілген несиелер беру арқылы кластерлердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

– Инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік инвестициялар бөлінеді.

Инфрақұрылымдық қолдау:

– Мемлекеттік органдар кластерлерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді: индустриялық аймақтар, логистикалық орталықтар, зертханалар және т.б.

– Мысалы, Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылым кластерлік жобаларды дамыту үшін пайдаланылады.

Ғылыми-зерттеу және инновациялық қолдау:

– Мемлекет ғылыми зерттеулерді қолдау үшін университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарын кластерлермен байланыстырады.

– Инновациялық жобаларды қаржыландыру, патенттерді рәсімдеу және коммерцияландыру үшін мемлекеттік бағдарламалар енгізіледі.

Білім беру және кадрларды даярлау:

– Мемлекеттік органдар кластерлерге қажетті кадрларды даярлау үшін кәсіби білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады.

– ЖОО-лар мен колледждерде кластерлердің сұранысына сәйкес мамандықтар ашылады.

Мемлекеттік органдардың ынталандырушы рөлі:

– Серіктестік құру: Мемлекет бизнес пен ғылыми ұйымдарды біріктіріп, тиімді серіктестік орнатады.

– Координация: Мемлекеттік органдар кластердің барлық қатысушыларының жұмысын үйлестіреді, олардың арасындағы байланысты нығайтады.

– Мониторинг және бағалау: Мемлекет кластерлік жобалардың тиімділігін бақылап, олардың нәтижелерін бағалайды.

Мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастық бірінші кезекте мемлекеттік органдар мен жеке сектордың ынтымақтастығы кластерлерді дамытуда басты рөл атқарады. Мұндай серіктестік:

– Жеке сектордың инвестиция тартуын жеңілдетеді;

– Мемлекеттік саясаттың тиімді орындалуын қамтамасыз етеді;

– Ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды біріктіреді.

Қазақстанда мемлекеттік органдар кластерлік саясатты дамытуда маңызды рөл атқарады:

– «Индустрияландыру картасы» бағдарламасы аясында аймақтық кластерлерді қолдау жүзеге асырылады.

– «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО): қаржылық және инвестициялық кластер ретінде мемлекет қолдауымен құрылды.

– Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА): өндірістік және логистикалық кластерлерді дамыту үшін жеңілдіктер беріледі [9].

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі болып:

– Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі артады.

- Жаңа жұмыс орындары құрылады.
- Өңірлік және салалық даму жақсарады.
- Инновациялар енгізіліп, экспорттық әлеует артады.

Мемлекеттік органдар кластерлердің құрылуы мен дамуына жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды. Кластерлік саясат экономиканың тұрақтылығын арттырып, аймақтардың әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Мемлекет пен жеке сектордың тиімді серіктестігі арқылы кластерлердің әлеуметтік және экономикалық әсерін барынша арттыруға болады [10].

Әлеуметтік кәсіпкерлік дамыған елдерде қоғамның өзекті мәселелерін шешу және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында кеңінен таралған. Бұл елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекеттік қолдау, құқықтық база, инновациялық шешімдер және ресурстардың қолжетімділігі есебінен дамып келеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілер қызметінің статистикалық деректерінің жеткіліксіздігі және біржақтылығы даму факторларының әсерінің тереңдігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік бермейді. Ақпараттың жетіспеушілігі факторлардың әсерін бағалауға кедергі келтіреді. Сонымен бірге, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы зерттеулер, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының деректері негізінде факторлар мен нәтижелер жиынтығы қалыптасты: белгі-нәтиже (у) – Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпорындардың саны және фактор-белгілер (х).

x_1 – жұмыспен қамтуды қажет ететін ерекше қажеттіліктері бар адамдардың саны, мың адам; x_2 – жұмыссыздық деңгейі, %; x_3 – халықтың кедейлік деңгейі, %; x_4 – жалпы ішкі өнімдегі әлеуметтік қорғауға арналған шығындардың үлес салмағы, %; x_5 – жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, АҚШ долларымен; x_6 – тұтыну бағаларының индексі, %; x_7 – инновацияларды енгізетін ұйымдардың үлесі, %.

Факторларды үш топқа бөлейік:

Демографиялық топ (x_1), Әлеуметтік топ (x_2, x_3, x_4), Экономикалық топ (x_5, x_6, x_7)

Демографиялық және әлеуметтік факторлар топтары әлеуметтік саланың мемлекеттік әлеуметтік қорғау саясатының байланыстарын ескереді. Ал экономикалық факторлар тобы қоғамның дамуындағы экономикалық әл-ауқатты көрсетеді. Таңдалған факторлар топтары әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын анықтайтын детерминанттарды сипаттайды.

Кесте 4 Талдау үшін деректер

Жылдар	у	x_1	x_2	x_3	x_4	x_5	x_6	x_7
2020	183	536,8	0,5	4,8	13,9	8316	18,1	1,19
2021	187	549,5	0,9	5,9	13,8	5941	13,5	1,08
2022	204	554,9	1,0	5,7	14,5	4989	11,8	1,54
2023	211	552,61,1	1,1	6,0	15,0	5586	10,1	0,62

Ескерту: [11] негізінде авторлар құрастырған

Экономика-математикалық құралдарды факторлардың өзара байланысын анықтап, корреляциялық-регрессиялық тәуелділікті көрсететін $y=f(x)$ моделін құру үшін қолданамыз (5-ші кесте).

Кесте 5 Корреляциялық-регрессиялық талдау

Фактор	Корреляция коэффициенті	Айнымалылар арасындағы тәуелділік	Есептелген мәндердің нақты мәндерден орташа ауытқуы
X1	0.875	$y = 125.47724 + 0.59092 * X1$	5.0 %
X2	0.617	$y = 148.19792 + 45.10417 * X2$	5.2 %
X3	0.519	$y = 193.78265 + 1.93445 * X3$	6.0 %
X4	0.854	$y = 24.74258 + 11.84124 * X4$	5.5 %
X5	0.594	$y = 214.79118 + 0.00500 * X5$	5.9 %
X6	-0.565	$y = 193.22662 - 0.44005 * X6$	4.9 %
X7	0.251	$y = 170.21434 + 12.73321 * X7$	5.7 %

Ескерту: [11] негізінде авторлар құрастырған

Қазақстан кәсіпорындарында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың еңбегі пайдаланылады, бірақ барлық кәсіпорындар мұндай адамдарды жұмысқа қабылдамайды. Халықтың кедейлік деңгейі мен жұмыссыздық деңгейі басты фактор болып табылмайды. Қазақстанда бағалау қиын жасырын жұмыссыздық бар, сонымен қатар орташа жалақы деңгейі халықтың нақты жалақысынан өзгеше болуы мүмкін.

Дамыған елдерде әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болу себептері.

Әлеуметтік мәселелердің болуы:

– Кедейліктің азаюы, теңсіздікті төмендету, экологиялық мәселелер және инклюзия сияқты әлеуметтік міндеттерді шешу қажеттілігі.

Мемлекеттік және коммерциялық сектордың шектеулері:

– Мемлекеттік ресурстардың шектеулілігі және жеке сектордың әлеуметтік мәселелерге жеткілікті назар аудармауы.

Инновацияларға қажеттілік:

– Дәстүрлі тәсілдерден тыс жаңа шешімдер мен әдістерді қолдану.

Жеке тұлғалардың белсенділігі:

– Белсенді азаматтық қоғам мен әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған азаматтардың қызығушылығы [11].

Дамыған елдердегі әлеуметтік кәсіпкерліктің ерекшеліктері.

Шағын және орта бизнес ғана талап ете алатын әлеуметтік кәсіпорын мәртебесі көптеген елдерде бекітілген, бірақ әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің жағдайын құқықтық реттеудің басқа жолдары төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 6 Әлеуметтік кәсіпкерлік модельдері

Модель	Осы модельді іске асырушы елдер	Модельдің сипаттамасы
Модель I Әлеуметтік кәсіпорындар статусы	Бельгия, Ресей, Италия, Оңтүстік Корея, Словения, Финляндия, Вьетнам, Қазақстан және т.б.	– мойындау жүйесі/сертификаттау жүйесі ұйымдар; – белгілі бір мүдделер объектісі (тек коммерциялық ұйымдар; коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар); – сәйкес келу критерийлері, статус; – арнайы атқарушы орган тағайындауға жауапты орган және әлеуметтік мәртебе, кәсіпорындар – статуска ие ұйымдардың тізімі; – мемлекеттік қолдау жүйесі
Модель II Арнайы ұйымдық-құқықтық нысан	Германия, Италия, Испания, АҚШ, Ұлыбритания және т.б.	– заңды тұлғаның түрі; – әлеуметтік белгілерін ескере отырып кәсіпорындардың қызметтік құқықтық режимі; – мемлекеттік қолдау жүйесі; – әрекеттер арасындағы берік байланыс заңды тұлға және мүдделер жүзеге асыруды шешуге бағытталған әлеуметтік мәселелер мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудағы мемлекеттің саясаты

Ескерту: [12] негізінде авторлар құрастырған

Германияда, Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбритания заңнамаларында әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін заңды тұлғалардың арнайы ұйымдық-құқықтық нысандары қалыптасқан.

1. Институционалдық қолдау:

– Дамыған елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік үшін арнайы құқықтық құрылымдар мен бағдарламалар бар.

– Мысалы, Ұлыбританияда «Community Interest Company (CIC)» құрылымы арнайы әлеуметтік мақсаттарды жүзеге асыру үшін жасалған.

2. Қаржыландыру және инвестиция:

– Әлеуметтік инвестициялар, гранттар және қайырымдылық қорлар арқылы қаржыландырылады.

– Дамыған елдерде венчурлық капитал мен жеке инвестициялар арқылы әлеуметтік жобалар қолдау табады.

3. Инновациялық шешімдер:

– Әлеуметтік кәсіпкерлер жасыл технологиялар, цифрлық платформалар және инклюзивті бизнес модельдерді белсенді қолданады.

– Мысалы, Германияда Auticon компаниясы аутистік спектрі бар адамдарды IT саласына тарту арқылы инклюзияны дамытады [13].

4. Мемлекеттік серіктестік:

– Әлеуметтік кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасында тығыз серіктестік орнайды.

– Бұл серіктестік мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мен әлеуметтік жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Дамыған елдердегі мысалдар.

Ұлыбритания:

– Social Bite: кірістерінің 100%-ын қайырымдылыққа бағыттайтын дәмханалар желісі. Баспанасыз адамдарды жұмысқа орналастыруға көмектеседі.

– Big Issue: үйсіздерге арналған газеттерді сату арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндігін береді.

АҚШ:

– TOMS Shoes: "One for One" моделі арқылы әр сатылған аяқ киім үшін мұқтаж адамға бір жұп аяқ киім береді.

– Ashoka Foundation: Әлеуметтік кәсіпкерлерді қаржыландырып, оларға жаһандық деңгейде қолдау көрсетеді.


Германия:

– Auticon: аутистік спектрі бар адамдарға жұмыс орындарын ұсынатын IT-компания.

– Dialogue in the Dark: көру мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыспен қамтылуын және олардың әлеуетін арттыруды қолдайтын жоба.

Финляндия:

– Әлеуметтік кәсіпкерлік көбінесе білім беру мен денсаулық сақтау саласында қолданылады. Мектептердегі инновациялық бағдарламалар мен инклюзивті білім беру бастамалары – негізгі бағыттар.



Сурет 1 Әлеуметтік кәсіпкерліктің елдер бойынша бөлінуі, 2023 жыл

Ескерту: [14] негізінде авторлар құрастырған

Мемлекеттік және құқықтық қолдау.

1. Арнайы заңнамалық құрылымдар:

– Ұлыбританиядағы Community Interest Company (CIC) моделі әлеуметтік кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер береді.

– Германияда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламалар бар.

2. Гранттар мен субсидиялар:

– Дамыған елдерде мемлекет әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін арнайы гранттар мен субсидиялар береді.

– Мысалы, Еуропалық Одақ әлеуметтік инновацияларды қолдау үшін жыл сайын миллиардтаған еуро бөледі.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің даму тенденциялары

1. Цифрлық платформалар:

– Әлеуметтік кәсіпкерлер цифрлық технологияларды кеңінен қолданады (мысалы, краудфандинг платформалары).

2. Жасыл экономика:

– Экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған бизнес-модельдер, мысалы, қайта өңдеу, баламалы энергия көздерін пайдалану.

3. Инклюзивті бизнес:

– Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қоғамға интеграциялау [15].

Дамыған елдердегі әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуде маңызды құрал болып табылады. Бұл модель мемлекеттік қолдаудың, инновациялардың және қаржыландырудың арқасында тұрақты дамып келеді. Дамыған елдердің тәжірибесі басқа мемлекеттер үшін үлгі бола алады және олардың әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы перспективаларын айқындайды.

Қорытынды

Мемлекеттің инновациялық дамуында әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі ерекше маңызға ие. Әлеуметтік кәсіпкерлік тек экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етумен шектелмей, қоғамның өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған инновациялық тәсілдер ұсынады. Бұл бағыт қоғамның тұрақты дамуына ықпал етіп, мемлекет пен бизнестің, сондай-ақ азаматтық қоғамның өзара тиімді ынтымақтастығын нығайтуға жағдай жасайды.

Мақалада ұсынылған кластерлік тәсіл әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Кластерлерді құру арқылы әлеуметтік кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу ұйымдары, бизнес және мемлекеттік органдар арасында серіктестік орнап, ресурстарды тиімді пайдалану, инновациялық шешімдерді енгізу және экономикалық өсуге қол жеткізу мүмкін болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей:

Әлеуметтік кәсіпкерлік пен инновациялық кластерлерді біріктіру мемлекетке аймақтық және ұлттық деңгейде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Мемлекет тарапынан кластерлік тәсілді қолдау және ынталандыру саясаты әлеуметтік кәсіпкерліктің қаржылық тұрақтылығын арттырып, инновацияларға бейімделуіне ықпал етеді.

Қоғамның әлеуметтік кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттыру және оның артықшылықтарын насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Ал енді зерттелінген тақырыпқа сай келесі ұсыныстарды көрсетуге болады:

- Мемлекет әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау үшін институционалдық және құқықтық базаны жетілдіруі қажет.

- Әлеуметтік кәсіпорындарды кластерлік құрылымдарға біріктіру арқылы олардың инновациялық әлеуетін арттыру қажет.

- Әлеуметтік кәсіпкерлікке арналған мемлекеттік және жеке инвестицияларды көбейту үшін қаржылық ынталандыру тетіктерін енгізу ұсынылады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекеттің инновациялық дамуының негізгі қозғаушы күшіне айнала алады. Кластерлік тәсіл осы үдерісте тиімді құрал ретінде пайдаланылып, қоғамның тұрақты дамуына және әлеуметтік мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндік ашады.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала жеке қаражат есебінен жазылды, авторларда мүдделер қайшылығы жоқ

Авторлардың қосқан үлесі:

Бауыржан Искаков – негізгі автор, зерттеудің ұйымдастырушысы болып табылады, қорытындыларды тұжырымдап, ұжымдық жобаны жүзеге асырудың нәтижелерін жинақтайды.

Ботагоз Түсупбаева – статистикалық мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау, кестелер мен графиктер құрастыру.

Мадина Тузубекова – мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту.

Әдебиеттер тізімі

1. Шумпетер, Й. А. Теория экономического развития / Й. А. Шумпетер. – Москва : Директ-Медиа, 2007. – 400 с. – Режим доступа: по подписке. – [Электрон. ресурс] - URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=26860> (қаралу күні: 30.10.2024)

2. Pierre A., von Friedrichs J., Vincent J. Review of Social Entrepreneurship Research: Book chapter // In: Lundström A., Zhou C., von Friedrichs Y., Sundin E. (Eds.) Social Entrepreneurship. International Entrepreneurship Studies. – Springer, 2014. – № 29. – P. 43-69.

3. De Leeuw E. Healthy cities: urban social entrepreneurship for health // Health Promotion International. – 1999. – № 14(3). – P. 261–269.

4. Fowler A. NGDOS as a historic moment: beyond helping social entrepreneurship or civic innovation? // Third World Quarterly. – 2000. – № 21(4). – P. 637–654.

5. Edmondson A. C., McManus S. E. Methodological fit in research management // Academy of Management Review. – 2007. – № 32(4). – P.1155–1179.

6. Проблемы социального предпринимательства должны более широко освещаться в СМИ. Vteme.kz. [Электронный ресурс] - URL: http://vteme.kz/news/problemy_socialnogo_predprinimatelstva_dolzny_bolee_shiroko_osveshatsja_v_smi/2017-09-19-217 (қаралу күні: 01.11.2024).
7. Dees J.G., Emerson J. Enterprising nonprofits: A toolkit for social entrepreneurs. - New York: John Wiley & Sons, 2001. – 330 p.
8. Центр дневного пребывания для пожилых людей «Asar». Ru-ru.facebook.com. [Электронный ресурс] - URL: <https://ru-ru.facebook.com/centerasar> (қаралу күні: 30.10.2024).
9. АО «Фонд развития предпринимательства «Даму». [Электронный ресурс] - URL: <https://www.damu.kz/programmi/programmy-dlya-nachinayushchikh-predprinimateley/crowdfunding> (қаралу күні: 01.11.2024).
10. Айтбаева А. С миру по нитке: как собрать деньги через краудфандинг. The-village.kz. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.the-village.kz/village/business/opyt/1321-crowdfunding> (қаралу күні: 19.10.2024)
11. Айтбай И. Результаты исследования «Возможности и перспективы развития социального предпринимательства в Казахстане». [Электронный ресурс] - URL: <http://www.almau.edu.kz/images/uploads/files/bda82b1d10db74df3098e7606c5e76f8.pdf> (қаралу күні: 30.10.2024).
12. Peredo A. M., McLean M. Social entrepreneurship: a critical review of the concept // World Business Journal.-2006.- № 41(1). – P.56–65.
13. Nyssens M., Defourny J. Conceptions of Social Enterprise and Social Entrepreneurship in Europe and the United States: Convergences and Divergences // Journal of Social Entrepreneurship. – 2010. – Vol.11. – P.32-53.
14. Hemingway C., Maclagan P. Personal values of managers as drivers of corporate social responsibility //Journal of Business Ethics. – 2023. – №50. – P.33–44.
15. Bidet E., Eum H., Ryu J. Diversity of Social Enterprise Models in South Korea // Voluntas. – 2018. – №29. – P.1261-1273.

B.S.Tusupbaeva¹, B.M.Iskakov², M.K.Tuzubekova³

^{1,3}University "Turan-Astana", Astana, Kazakhstan

The role of social entrepreneurship in the innovative development of the state: the cluster approach

Abstract. The article discusses the importance and role of social entrepreneurship in the innovative development of the state. The authors described social entrepreneurship as an effective business model aimed at solving social problems of society and analyzed its impact on the development of an innovative ecosystem. The main goal of the scientific work is to determine the development of methods and mechanisms for the development of social entrepreneurship using a cluster approach. This approach aims to strengthen partnerships between social enterprises, government agencies, research institutes and the private sector. The article highlights the role of clusters based on social entrepreneurship in increasing innovative potential at the regional and national levels.

The authors have the task of determining their effectiveness by comparing international and domestic practices of a cluster approach focused on social entrepreneurship using theoretical, comparative and system analysis methods. Describes the main directions of state policy to support social entrepreneurship, including the tools necessary to realize the potential of the cluster approach. The results of the study suggest effective ways to integrate social entrepreneurship in ensuring innovative development strategies and socio-economic stability.

Keywords: Social Entrepreneurship, innovative development, cluster approach, innovation ecosystem, public policy, partnership between the state and business, innovation clusters.

Б.С. Тусупбаева¹, Б.М. Искаков^{2*}, М.К. Тузубекова³

^{1,3}Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

Роль социального предпринимательства в инновационном развитии государства: кластерный подход

Аннотация. В статье рассматривается значение и роль социального предпринимательства в инновационном развитии государства. Авторами было описано социальное предпринимательство как эффективная бизнес-модель, направленная на решение социальных проблем общества, проанализировано его влияние на развитие инновационной экосистемы. Основной целью научной работы является выявление развития методов и механизмов развития социального предпринимательства с использованием кластерного подхода. Этот подход направлен на усиление партнерства между социальными предприятиями, государственными органами, научно-исследовательскими институтами и частным сектором. В статье показана роль кластеров, основанных на социальном предпринимательстве, в наращивании инновационного потенциала на региональном и национальном уровнях.

Авторы ставят задачу определить их эффективность путем сопоставления международного и отечественного опыта кластерного подхода, ориентированного на социальное предпринимательство, с использованием методов теоретического, сравнительного и системного анализа. Характеризуют основные направления государственной политики поддержки социального предпринимательства, в том числе инструменты, необходимые для реализации потенциала кластерного подхода. Результаты исследования предлагают эффективные пути интеграции социального предпринимательства в Стратегию инновационного развития и обеспечения социально-экономической стабильности.

Ключевые слова: социальное предпринимательство, инновационное развитие, кластерный подход, инновационная экосистема, государственная политика, партнерство государства и бизнеса, инновационные кластеры.

References

1. Shumpeter, J. A. Teoriya jekonomicheskogo razvitija /J.A. Shumpeter. (Direkt-Media, Moskva, 2007, 400 p. – Rezhim dostupa: po podpiske. – Available at: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=26860> (accessed: 30.10.2024)
2. Pierre A., von Friedrichs J., Vincent J. Review of Social Entrepreneurship Research: Book chapter, In: Lundström A., Zhou C., von Friedrichs Y., Sundin E. (Eds.) Social Entrepreneurship. International Entrepreneurship Studies. – Springer, 29, 43-69 (2014).
3. De Leeuw E. Healthy cities: urban social entrepreneurship for health, Health Promotion International, 14(3), 261–269 (1999).
4. Fowler A. NGDOS as a historic moment: beyond helping social entrepreneurship or civic innovation? Third World Quarterly, 21(4), 637–654 (2000).
5. Edmondson A. C., McManus S. E. Methodological fit in research management, Academy of Management Review, 32(4), 1155–1179, (2007).
6. Problemy social'nogo predprinimatel'stva dolzhny bolee shiroko osveshhat'sja v SMI. [Social entrepreneurship issues should be covered more widely in the media] Vteme.kz. Available at: http://vteme.kz/news/problemy_socialnogo_predprinimatelstva_dolzhny_bolee_shiroko_osveshhatsja_v_smi/2017-09-19-217 (accessed: 01.11.2024). [in Russian]
7. Dees J.G., Emerson J. Enterprising nonprofits: A toolkit for social entrepreneurs, New York: John Wiley & Sons, 2001. – 330 r.
8. Centr dnevnogo prebyvanija dlja pozhiyh ljudej «Asar». [Day care center for the elderly "Asar"] Ru-ru.facebook.com. Available at: <https://ru-ru.facebook.com/centerasar> (accessed: 30.10.2024). [in Russian]
9. АО «Fond razvitija predprinimatel'stva «Damu». [JSC "Entrepreneurship Development Fund "Damu"] Available at: <https://www.damu.kz/programmi/programmy-dlya-nachinayushchikh-predprinimateley/crowdfunding> (accessed: 01.11.2024). [in Russian]
10. Ajtbaeva A. S miru po nitke: kak sobrat' den'gi cherez kraudfanding. [From the world on a string: how to raise money through crowdfunding] The-village.kz. Available at: <https://www.the-village.kz/village/business/opyt/1321-crowdfunding> (accessed: 19.10.2024). [in Russian]
11. Ajtbaj I. Rezul'taty issledovaniya «Vozmozhnosti i perspektivy razvitija social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane». [Results of the study "Opportunities and prospects for the development of social entrepreneurship in Kazakhstan"] Available at: <http://www.almau.edu.kz/images/uploads/files/bda82b1d10db74df3098e7606c5e76f8.pdf> (accessed: 30.10.2024). [in Russian]
12. Peredo A. M., McLean M. Social entrepreneurship: a critical review of the concept, World Business Journal, 41(1), 56–65, (2006).
13. Nyssens M., Defourny J. Conceptions of Social Enterprise and Social Entrepreneurship in Europe and the United States: Convergences and Divergences, Journal of Social Entrepreneurship, 11, 32-53, (2010).
14. Hemingway C., Maclagan P. Personal values of managers as drivers of corporate social responsibility, Journal of Business Ethics, 33–44, (2023).
15. Bidet E., Eum H., Ryu J. Diversity of Social Enterprise Models in South Korea, Voluntas, 29, 1261-1273, (2018).

Авторлар туралы мәлімет:

Ботагоз Түсупбаева – экономика ғылымдарының магистрі, «Тұран-Астана» Университеті, бизнес әкімшілендіру кафедрасының докторанты, Астана, 010000, Қазақстан.

Бауыржан Искаков – негізгі автор, экономика ғылымдарының кандидаты, бизнес әкімшілік кафедрасының профессоры, «Тұран-Астана» университеті Астана, 010000, Қазақстан.

Мадина Тузубекова – экономика ғылымдарының кандидаты, бизнес әкімшілік кафедрасының профессоры, «Тұран-Астана» университеті, Астана, 010000, Қазақстан.

Information about the authors:

Botakoz Tusupbaeva – Master of Economics, Doctoral student of the Department of Business Administration, “Turan-Astana” University, Astana, 010000, Kazakhstan

Bauyrzhan Iskakov – corresponding author, candidate of economic sciences, associate professor of the Department of “Business Administration”, “Turan-Astana” University, Astana, 010000, Kazakhstan

Madina Tuzubekova – candidate of economic sciences, associate professor of the Department of “Business Administration”, “Turan-Astana” University, Astana, 010000, Kazakhstan

Информация об авторах:

Ботагоз Тусупбаева – магистр экономических наук, докторант кафедры «Бизнес-администрирование», Университет «Туран-Астана», Астана, 010000, Казахстан.

Бауыржан Искаков – основной автор, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Бизнес-администрирование», Университет «Туран-Астана», Астана, 010000, Казахстан.

Мадина Тузубекова – кандидат экономических наук, профессор кафедры «Бизнес-администрирование», Университет «Туран-Астана», Астана, 010000, Казахстан.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



МРНТИ 06.52.17

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-4-41-57>

Научная статья

Устойчивое развитие сельских территорий Кызылординской области в контексте стратегии государственного развития

С.Б. Касымова^{1*}, М.К. Мақыш², А.Е. Муханова³

^{1,2}Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова, Астана, Казахстан

³Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

(E-mail: ¹*sanim_81@list.ru, ¹makysh86@mail.ru, ²aia_mukanova@mail.ru)

Аннотация: В статье анализируется и рассматривается устойчивость сельских территорий Кызылординской области в контексте концепции развития сельских территорий Республики Казахстан. Авторским коллективом дается определение и характеристика устойчивого развития сельских территорий, которые, в первую очередь, направлены на обеспечение более высокого роста благосостояния сельского населения Кызылординской области. На сегодняшний день нужно признать, что качество жизни в сельской местности существенно отстает от качества жизни городских территорий.

Меншік құқығының кепілдігі кәсіпкерлікке үлкен сенім артуға көмектесетінін тағы да атап өткіміз келеді. Тұрақтылық пен меншік құқықтарын қорғау жағдайында бизнес өз қызметін дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын белсенді түрде құруға және инвестициялауға ынталы.

Экономикалық өсудің қомақты резервтерінің тасушылары болып табылатын шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше назар аудару қажет. Бүгінгі таңда нарықтарда жаңа әрі табысты кәсіпорындардың пайда болуы әділ және еркін бәсекелестікке байланысты. Ал салауатты бәсекелестік ортаны құру дұрыс корпоративтік жауапкершілік пен мәдениетке, сондай-ақ кәсіпкерлік ұйымдардың ішіндегі өзін-өзі реттеу механизмінің тиімділігіне байланысты. 2020 жылғы Қазақстан өңірлері бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есептің қорытындысы бойынша, 2020 жылы Қазақстанның барлық шағын және орта бизнес секторының өнім көлемі 33 627 млрд теңгені құрады. Өңірлер бойынша өнім шығаруға ең көп үлесті Алматы (9 033 млрд. теңге) және Астана (6 635 млрд. теңге) қалаларындағы ШОБ субъектілері қосады, олардың шығарған өнімі елдегі ШОБ жалпы өнімінің 47%-ын құрады [17].

2050 жылға қарай шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесін ЖІӨ-нің 50% - на дейін ұлғайту стратегиялық міндеттердің бірі болып қалуда. Бұл ретте 2025 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 35% - ға дейін, ал жұмыспен қамтылғандар саны 4 млн адамға дейін өсуі тиіс [18].

Тиімді салық жүйесі – әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды ынталандырушысы. Әдетте, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне толықтырулар мен өзгертулер жыл сайын енгізіледі, сондықтан үкімет салық рәсімдерін реттеу үдерісін талқылауға бизнес өкілдерін тартуы тиіс.

Кәсіпкерлік сектор білім беру саласын реформалауға және жетілдіруге белсенді қатысуы тиіс, себебі бизнес пен оның әртүрлі экономикалық салаларға бағдарлануы отандық еңбек нарығының жай-күйіне әсер етеді. Үкімет еңбек ресурстарын дайындау саны мен сапасында айқын сәйкессіздіктерге куә болады. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы мұндай сәйкессіздіктер бизнестің және мемлекеттік білім беру жүйесінің бірлескен күш-жігерімен жойылуы керек.

Жалпы, агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын, Қазақстанның дәстүрлі саласын инновациялық рельстерге ауыстыру – бұл мемлекет пен бизнестің ерекше басым және бірлескен міндеті. Азық-түлік қажеттіліктерінің артуы бір жағынан инвестициялар көлемінің өсуіне, екінші жағынан жаһандық аграрлық өндірістегі бәсекелестіктің артуына ықпал етеді, сондықтан қазіргі шаруа және фермер қожалықтары жаңа технологияларды енгізу және әлемдік стандарттарға сәйкес еңбек өнімділігін үнемі арттыру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуін қамтамасыз етуі керек. Ал

мемлекет пен агробизнес өкілдері Қазақстанда тиімді жер нарығын құру үшін бірлесіп жұмыс істеуге тиіс.

Мемлекет пен кәсіпкерліктің бірлескен өзара әрекеттесу саласы кірістерді саралаудағы тосқауылдарды жоюға бағытталуы тиіс. Мұның шешімін табуға әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту, мемлекеттік сектор мен жеке сектордың жалақы деңгейін арттыру ықпал етеді. Жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу, бизнестің жаңа нысандарын жүргізу, корпорацияларды басқарудың жаңа схемаларын құру, көлеңкелі сегменттен өндіріс пен еңбекақы төлеу, шетелдік және отандық инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық ахуал құру – негізгі құралдардың бірі ретінде қызмет етеді.

Өзара әрекеттесудің басым бағыты мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі салалар мен ауқымдағы бизнес-құрылымдар арасындағы қатынастарды қамтуы тиіс. Аутсорсингке жүгіну кейбір компаниялардың біршама қызметтері басқаларға берілген кезде оңтайлы іске асуы мүмкін. Мұндай алмасу осы үрдіске қатысатын тараптардың шығындарын азайтуға ықпал етеді. Елімізде аутсорсинг әлі толықтай дамымаған. Мұның басты себептерінің бірі – аутсорсинг қызметін ұсынушы компанияларға деген сенімсіздік. Алайда еліміздегі аутсорсингті түбегейлі жоққа шығаруға болмайды. Қазақстанда компьютерлік технологиялар, адам ресурстарын басқару және бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу салаларында аутсорсинг кеңінен қолданылады.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан маңызды реформа – ауқымды әкімшілік реформа. Басқа іс-шаралармен қатар, оның жүзеге асуы мемлекеттік басқару сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен қоғамның барлық құрылымдарының арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, кәсіпкерлік сектор мен мемлекет арасындағы үйлесімді өзара әрекеттестікке ықпал етеді.

Қазақстанның жаңа әкімшілік жүйесі мемлекеттік құқықтық реттеу мен экономикалық еркіндікті сақтау арасындағы тиімді арақатынасқа көмектесуге, мемлекеттің экономикалық өсуінің Қазақстан халқының өркендеуі мен әл-ауқатымен өзара байланысын қамтамасыз етуге, оның мүдделерін қорғауға, қоғамның әлеуметтік саласында инновациялар енгізуге тиіс. Қазақстанның әкімшілік реформасы қоғам дамуының негізгі категориясы ретінде мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында өкілеттіктерді нақты бөлуді жүзеге асыра отырып, үкіметтің тиімді қызметіне қол жеткізуге ұмтылуы керек.

Тәуелсіздік алғалы бері үкімет еңбек жағдайын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуде. Елде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің жаңа бағыты іске асырылуда. Ол, өз кезегінде, әлеуметтік-еңбек қорғау әдістері мен экономикалық орнықтылықтың оңтайлы үйлесімін қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік әріптестікті дамыту және жетілдіру үшін құқықтық және ұйымдастырушылық негіз қалыптастырылды.

Әлеуметтік әріптестік механизмін жетілдірудің негізгі бағыттары келесі нысандарға сәйкес ұсынылуы мүмкін:

– ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттар мәселелері бойынша кеңестер және ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын айқындайтын әдістемені талқылау;

– тиісті салаларда (тау-кен металлургия өнеркәсібі, химиялық өндіріс және т. б.) зиянды өндірістерге тартылған қызметкерлердің ең төменгі жалақы деңгейіне байланысты мәселелерді шешу;

– әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптарының зейнетақы аударымдары жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге қатысуы (ерікті зейнетақы аударымдарын міндетті зейнетақы жарналарын енгізуге ауыстыру мүмкіндігі);

– еңбекті қорғау мен кәсіптік тәуекелдерді реттеу және басқару жүйелерін енгізу туралы заңнаманы; азаматтық қоғам институттарын дамыту жөніндегі заңнаманы жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу.


Әлеуметтік серіктестіктің маңызды нысаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының маңызды шарты ретінде көрініс табады. Қазақстан үшін кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі адамның, бизнес пен мемлекеттің мүдделерін үйлестіру шарты ретінде маңызды екені анық. Осы орайда, әлеуметтік-еңбек кепілдіктерінің қалыптасып келе жатқан деңгейін қолдау және дамыту қажет. Қазіргі таңда әлеуметтік жауапкершілік индустриялық-инновациялық жүйенің алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерді шешуге қабілетті. Ол әлеуметтік маңызы бар нысандарды қаржыландыруға белсенді қатысуға және сол арқылы мемлекеттің әлеуметтік шығындарын толықтыру және азайтуға ат салыса алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің мәні корпоративтік пайданың бір бөлігін әлеуметтік мақсаттағы жобаларға инвестициялауда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арасында немесе олармен бірлесіп конкурс негізінде кәсіпкерлік жобаларды іске асыру жолымен қызметті құру мен жүргізуден, кластерлік бастамаларды пайдалануда, рентабельді емес өндіріс базасында жаңа кәсіпорындар құруда және мемлекеттік коммуналдық меншікті қолдануда көрініс табады.

Кәсіпкерлік сектор мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттесудің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарын, атап айтқанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан ары қарай – МЖӘ) қарастыру барысында олардың Қазақстанда дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелердің бары анықталды. Еліміздегі МЖӘ-нің ең кең тараған нысаны болып табылатын концессиялардың артықшылықтары мен өзектілігіне қарамастан, өңірлік деңгейде білікті мамандардың жетіспеуі, сондай-ақ МЖӘ үлгілерін тәжірибеге енгізудегі заңнаманың толық көлемде жүзеге асырылмауы байқалды. Дегенмен, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ауқымын оның қарапайым және қолжетімді нысандарынан бастап, бірте-бірте кеңейту керек, және институционалдық жүйені дамыту барысында бірлескен жобаларды қаржыландыру мен үйлестірудің күрделі схемаларына көшуге тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстар елімізде қазірдің өзінде іске асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстандық МЖӘ орталығы МЖӘ саласындағы әдістемелік және заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленіп, МЖӘ мәселелері бойынша ақпараттық іс-шаралар жүргізіледі. Қазірдің өзінде білім беру және медициналық мекемелерді, балабақшаларды салу сияқты әлеуметтік маңызы бар, бірақ өтелуі қиын жобалар үшін МЖӘ механизмдері енгізілуде. Қазақстанда МЖӘ-

ны дамытудың тиімді шешімі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңның қабылдануы болмақ және оның жобасы қазірдің өзінде қарауға ұсынылған.

Қазақстандағы мемлекеттік органдар мен бизнестің тиімді әрекеттестігіне кедергі келтіретін институционалдық және құқықтық кедергілер 3-суретте көрсетілген.



Сурет 3. Институционалдық және құқықтық кедергілер

Ескерту - [2] дереккөз негізінде құрастырылған

Республикадағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ерекшеліктерін зерттей келе, келесідей қорытындылар жасауға болады:

- нақты жобаны жүзеге асыру барысында оның сипаттамаларының немесе сыртқы жағдайларының өзгеруіне байланысты серіктестік шарттары мен нысандарына әртүрлі инновацияларды қарастырып, енгізу қажет;
- серіктестік шарттарына қатысушылар арасындағы сенімге серіктестік таңдау тәртібінің ашықтығы мен мемлекеттік конкурс кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің аз болуы жағдайында ғана қол жеткізіледі;
- қазіргі жағдайда әртүрлі заңнамалардың принциптерін қолдануға мүмкіндік беретін және жоғары транзакциялық шығындарға әкелуі мүмкін шарттық қатынастардың икемділігін ескеретін ерекше типтегі келісімшарттарды әзірлеу қажеттілігі туындайды;

– МЖӘ механизмдерін пайдаланудың қоғамдық маңыздылығы әлеуметтік-саяси салдарға толы елеулі оң және теріс әсерлер қалдыруы мүмкін. Бұл жағдай мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әрбір нақты жобасын белсенді ақпараттық және саяси қолдауды қажет етеді.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік жобаларының пайда болу ықтималдығына назар аудару қажет. Мемлекеттік кәсіпкерлік жеке бизнесті тартпайтын немесе үлкен инвестициялар мен тәуекелдерді қажет ететін салаларда қызмет атқарады. Мемлекеттік кәсіпкерлік ел азаматтарына түрлі әлеуметтік салаларда жеңілдіктер бере отырып, ғылымды және капиталды қажетсінетін салаларға көмек көрсете отырып, сол арқылы елді әлемдік кеңістікте нығайтуға және ғылыми-техникалық прогресс пен экономикалық өсу қарқынын жеделдетуге ықпал етеді. Үкімет кәсіпкерлік секторды әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға тарта отырып, оны құқықтық қолдауға, бизнес үшін қосымша преференциялар әзірлеуге және оның әлеуметтік жауапты мінез-құлқын дамытуға жәрдемдеседі. Бизнес өз тарапынан тікелей мақсатына, яғни пайда табуға ұмтылады, сондықтан үрдісті жеделдету үшін тиімді әдістер мен іс-шаралар схемаларын қолдана бастайды. Осылайша, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуде ұтымды механизм бола алады.

Бизнес-қауымдастықтар компаниялардың инновацияларды енгізу бойынша әлеуеті бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу мен операциялық тиімділікті арттыру үшін күшті катализатор бола алатынын мойындауы керек. Бұл әсіресе, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындар болашақ өсімге инвестиция болатын шағын кәсіпорындар үшін өте маңызды [18].

Қоғамның жаһандану мен интернационалдану жағдайында мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара әрекеттесу жолдарының тиімділігінің маңыздылығы артып отыр, сондықтан Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шарт, бір жағынан, Қазақстанның Еуразиялық кеңістіктегі геэкономикалық және саяси мүмкіндіктерін кеңейтудің көрсеткіші болып табылса, екінші жағынан, ел ішіндегі бизнес және азаматтық қоғам өкілдері арасындағы тығыз ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік қажеттілігін куәландырады. Сарапшылардың болжамы бойынша Еуразиялық Экономикалық Кеңістік (бұдан ары қарай – ЕАҰК) құру шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға аайрықша әсер етеді. Еліміз ЕАҰК-ға кіргеннен кейін 2030 жылға қарай ЖІӨ 25% - ға артады, жаңа жұмыс орындары құрылады, инвестициялық ахуал жақсарады, сыртқы сауданың өсуі жоғары талаптар есебінен өнім сапасын жақсартуға ықпал ететін болады, шикізаттық емес сектор, адами капитал және қызметтер нарығы белсенді дамиды болады.

Демек, әлеуметтік мемлекеттің қазақстандық моделінің табысты жұмыс істеуі дамыған мемлекеттік басқару жүйесімен және азаматтық қоғам институттарымен ұштасқан жоғары дамыған, тиімді, әлеуметтік-бағдарланған экономика негізінде ғана жүзеге асатынын тұжырымдауға болады.

Мемлекет пен бизнес арасындағы әріптестікті дамытудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінің құрамы, серіктестікті дамыту процестерін басқару құралдарының негізгі құрамын төмендегі кестеге сәйкес тұжырымдауға болады.

Кесте 3. Мемлекет пен бизнес арасындағы әріптестікті дамыту стратегиясын іске асыру механизмінің құрамдас бөліктері

Стратегияны жүзеге асыру механизмінің «блоктары»	Серіктестіктің дамуын басқару құралдары
Ұйымдастырушылық және басқарушылық	<ul style="list-style-type: none"> - кластерлік үдерістерді, МЖӘ дамытудың мемлекеттік бағдарламалары; - кластерлік жобаларды, МЖӘ жобаларын іске асыру нәтижелерінің мониторингі; - стратегиялық жоспарлау жөніндегі бағдарламалық құжаттарды, МЖӘ кластерлерін қалыптастыру және дамыту жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысатын мемлекеттік атқарушы органдардың кадрларын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары
Әлеуметтік-саяси	<ul style="list-style-type: none"> - стратегияны іске асыру барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты тарататын интерактивті веб-сайт; - онлайн режимінде мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің тақырыптық талқылаулары; - стратегияны іске асыру нәтижелерімен таныстыру; - мемлекет пен бизнес арасындағы стратегиялық әріптестік тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және әзірлеу үшін ғаламтордағы электронды пікірталас алаңдары
Нормативтік-құқықтық	<ul style="list-style-type: none"> - атқарушы билік органдары арасындағы өкілеттіктерді бөлуді және олардың бір-бірімен сәйкестігін реттейтін стратегияны іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету; - мемлекеттік органдар мен бизнестің өзара іс-қимылын реттейтін стратегияны іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
Ақпараттық-технологиялық	<ul style="list-style-type: none"> - ашық деректер форматында Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми ғаламтор-ресурсында стратегияны іске асыру туралы жыл сайынғы есептері; - онлайн режимінде стратегияны, бағдарламаларды және жобаларды іске асыруға бизнестің қанағаттануын анықтауға арналған әлеуметтік сауалнамалар.
Қаржы-экономикалық	<ul style="list-style-type: none"> - кластерлік жобаларды іске асыруға арналған уәкілетті органдардың гранттары; - кластер мүшелеріне ҒЗТКЖ және инновациялық өндіріс үшін менеджерлерді қайта даярлау саласындағы шығындарды өтеу үшін субсидиялар; - кластерлердің құрамына кіретін кәсіпорындардың жер учаскелерін, ғимараттар мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға, өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құру шығындарын жабуға арналған субсидиялар; - МЖӘ жобаларының қатысушылары болып табылатын бизнес құрылымдарына тәуекелдерді сақтандыру бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялар; - экспорттық және импортты алмастыратын қызметті жүзеге асыратын кластерлердің қатысушы-кәсіпорындарға арналған салықтық жеңілдіктер; - арнайы инвестициялық келісімшарт.
Ескерту – авторлармен құрастырылған	

Бизнес пен мемлекеттің өркениетті қатынастары тиімді әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастырудың, инновациялық белсенділікті арттырудың, саяси, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың маңызды және қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Қорытынды

Мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуінің зерттелген көптеген мәселелері пікірталас тудырады. Қазіргі әлемдік тәжірибе мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының жоғары тиімділігін көрсетіп отыр. Қазақстанда басты назар осы қатынастардың институционалдық негіздерін қалыптастыруға, оның ішінде стратегиялық маңызды міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін мемлекет пен бизнес құрылымдарының өзара әрекеттестігінің оңтайлы нысандарын құруға бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстанда мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуінде олардың тиімді ынтымақтастығына кедергі келтіретін көптеген тосқауылдар бар. Бұған тараптардың құқықтары мен жауапкершілігін айқындайтын құқықтық базаның кемшіліктерін, әріптестік қатынастарды іске асыру нысандары мен әдістерінің жетілмегендігін, тиімді ынтымақтастық үшін бәсекелестік жағдайлардың болмауын, инвестициялық және инновациялық ортаның дамымауын жатқызуға болады.

Қорытындылай келе, ұсынылған Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен бизнестің әріптестігін дамыту стратегиясының нұсқасы өңірлік деңгейде нақтыланып, толықтырылуы қажет. Бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасының субъектiсіндегі әріптестіктің қол жеткізілген ахуалын, әлеуетін және ресурстық базасын толық есепке алуды қамтамасыз етеді.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала жеке авторлар қаражаты есебінен жазылды, авторларда мүдделер қайшылығы болмады.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғылыми мақаланы орындау барысында барлық авторлар зерттеу және қорытындылау жұмыстарын жасады.

– зерттеу ғылыми жұмысының әдістемелік әдістерді қамтамасыз ету, талдауға тұжырым жасау, сыни көзқарастарға ұсыныстар жасау, мақаланы рәсімдеу және жөнелту.

– әдебиеттерге шолу жасау, ақпараттарды жинақтау, жинақталған материалдарға талдау жасау.

– зерттеу тақырыбына алдын ала талдау жасау, жинақталған материалдарға талдау жасау, аңдатпаны орыс және ағылшын тілдеріне аудару.

Әдебиеттер тізімі

1. Богатуров А.Д. Понятие экономической политологии и особенности ее проблемного поля в России // Полис. Политические исследования. – 2011. – №4. – С. 8-19. [Электрондық ресурс]. - URL: https://mgimo.ru/files/209372/Bogaturov_4-11.pdf (жүгіну күні - 28.09.2023).

2. Kurmanov N., Tolysbayev B., Aibossynova D., Parmanov N. Innovative activity of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan and factors of its development. //Economic Annals-XXI. 2016. - Volume 158, - Issue 3-4, -P.57-60 <https://doi.org/10.21003/ea.V158-13>
3. The Legatum Prosperity Index™. A tool for transformation. Overview. – 2021. - November. – 23p. [Электрондық ресурс]. - URL: https://docs.prosperity.com/3616/3544/3967/The_2021_Legatum_Pro Prosperity_Index_Overview_-_Web.pdf (жүгіну күні - 28.09.2023).
4. United Nations. Kazakhstan Annual Report 2022. – 34 p. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2023-04/UN%20Kazakhstan%20Annual%20Report%202022%20EN.pdf> (жүгіну күні - 22.07.2023)
5. Рейтинг стран мира по уровню жизни 2021. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://basetop.ru/rejting-stran-mira-po-urovnyu-zhizni-2021/> (жүгіну күні - 22.07.2023)
6. Копытова Е.Д. Социальная ответственность бизнеса: проблемы и перспективы развития. – Вологда: Вологодский научный центр Российской Академии наук, 2017. – 174 с. [Электрондық ресурс]. - URL: http://library.vscs.ac.ru/Files/books/1528866855soc_otvetstvennost_biznesa.pdf (жүгіну күні - 22.07.2023).
7. Jawahar I.M., McLaughlin G.L. Toward a descriptive stakeholder theory: An organizational life cycle approach // Academy of management review. – 2001. – Т. 26. – №. 3. – С. 397-414. [Электрондық ресурс]. - URL: https://www.researchgate.net/publication/238361862_Toward_a_Descriptive_Stakeholder_Theory_An_Organizational_Life_Cycle_Approach (жүгіну күні - 22.08.2023).
8. Кисель К.Ю. Современные модели взаимодействия бизнес-структур и органов государственной власти // - М.: ГУ-ВШЭ. – 2013. – С. 23. [Электрондық ресурс]. - URL: www.dissercat.com/content/sovremennye-modeli-vzaimodeistviya-biznes-struktur-i-organov-gosudarstvennoi-vlasti (жүгіну күні - 30.07.2023).
9. Моисеев В.В. Взаимодействие власти и бизнеса: институциональные механизмы и пути совершенствования: монография / В.В. Моисеев, В.В. Ницевич, В.Ф. Ницевич, Е.А. Шуртухина. - Орел: ОФ РАНХиГС, - 2013. - 256 с. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://doi.org/10.26425/2309-3633-2019-1-77-85> (жүгіну күні - 22.07.2023).
10. Чирикова А.Е.; Ледяев В.Г. Власть в малых российских городах: модели взаимодействия исполнительной и представительной власти // Мир России: Власть и бизнес. – 2015. – № 3. – С. 6-32. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://mirros.hse.ru/article/view/4924> (жүгіну күні - 15.08.2023).
11. Королев Е.А. Модели взаимодействия бизнеса и власти в Европейском Союзе // Власть. – 2008. – №. 7. – С. 26-31. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/modeli-vzaimodeystviya-biznesa-i-vlasti-v-evropeyskom-soyuze> (жүгіну күні - 22.08.2023).
12. Туровский Р.Ф. Региональные модели взаимодействия между деловыми и властными элитами: современные процессы и их социально-политические последствия, /Информационный сайт политических комментариев, 07.09.2009 - [Электрондық ресурс]. - URL: <https://politcom.ru/8474.html> (жүгіну күні - 09.09.2023).
13. Борис О.А. Подходы к оценке моделей взаимодействия бизнеса и власти: учет особенностей современной ситуации / О.А. Борис, В.Н. Парахина // Устойчивое развитие социально-экономической системы Российской Федерации: сборник трудов XXIII Всероссийской научно-практической конференции. Секция 1. Государственно-частное партнерство в инновационном развитии экономики. Симферополь, 18–19 ноября 2021 года. – Симферополь: Общество

с ограниченной ответственностью «Издательство Типография «Ариал», - 2021. - С. 3-7. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=47282120>, https://elibrary.ru/download/elibrary_47282120_49230477.pdf (жүгіну күні - 22.08.2023).

14. Ивченко С.А., Либоракина М.И., Сиваева Т.С. Город и бизнес: формирование социальной ответственности российских компаний. - М., - 2003. - 136 с. [Электрондық ресурс]. - URL: https://urbanecconomics.ru/sites/default/files/3423_import.pdf (жүгіну күні - 11.09.2023).

15. Марковская Е.И. и др. (2020). Взаимодействие бизнеса и органов власти: учебник и практикум для вузов. Под редакцией Е.И. Марковской. (2-е изд.). - Москва: Издательство Юрайт, 2020. - 369 с. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://publications.hse.ru/pubs/share/direct/395232860.pdf> (жүгіну күні - 11.09.2023).

16. Эльмурзаева Р.А. Взаимодействие бизнеса и государства: трансформация захвата государства // Вестник Томского государственного университета. Экономика. - 2018. - №. 41. - С. 68-84. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vzaimodeystvie-biznesa-i-gosudarstva-transformatsiya-zahvata-gosudarstva> (жүгіну күні - 12.09.2023).

17. Отчёт о развитии малого и среднего предпринимательства Республики Казахстан в первом полугодии 2020 года в разрезе регионов. - Нур-Султан, 2021 г. выпуск №13. - 100 с. [Электрондық ресурс]. - URL: https://damu.kz/upload/iblock/cae/xqhsqdrqgmhk90la0cicsr434otz3k54/%D0%94%D0%90%D0%9C%D0%A3%20_%20%D0%BE%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20%D0%9C%D0%A1%D0%9F%20_%20%D1%80%D1%83%D1%81.pdf (жүгіну күні - 12.09.2023).

18. Шағын және орта бизнес үлесін 50%-ға дейін арттыру - стратегиялық міндет // Егемен Қазақстан, 25 Ақпан, 2020. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://egemen.kz/article/222191-shaghyn-dgane-orta-biznes-ulessin-50-gha-deyin-arttyru-strategiyalyq-mindet> (жүгіну күні - 25.08.2023).

A.B.Baimbetova^{1*}, A.E.Yessenali², A.A.Kulbayeva³

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan*

³*International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan*

Interaction between Government Bodies and Business Structures in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article examines the assessment of the interaction of regional government bodies and business structures in the Republic of Kazakhstan according to the criteria for the development of public-private partnerships. The purpose of the study is to develop theoretical and practical ideas about the meaning and content of the mechanism of interaction between business structures and the state. Methods of inductive analysis of legal and everyday institutions were used along with institutional, praxeological, historical and comparative methods in the study of existing methods and practices of introducing civilized principles of managing a mixed economy. Based on a study of the composition and features of the structural components of the partnership development strategy, components of the mechanism for implementing the strategy for the development of the state and entrepreneurship, joint entrepreneurship and the relationship of the results of the implementation of the mechanism for

entrepreneurship development, criteria for assessing the work of local governments were determined. In addition, a matrix of interaction between business and government at the regional level was compiled, models of interaction between government bodies and business structures, as well as an algorithm for interaction between government and business structures were studied. The study includes a quantitative and qualitative analysis of official statistics with a detailed description of the number and nature of corruption incidents, as well as the scale of informal operations. These analyses formed the basis for the definition of shadow schemes.

Key words: state bodies, business structures, entrepreneurship, mechanism systematization, state regulation, economic interests, areas of interaction of entrepreneurship.

А.Б. Баймбетова*¹, А.Е.Есенәлі², А.А. Кулбаева³

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан*

³*Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан*

Взаимодействие государственных органов и бизнес-структур в Республике Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрена оценка взаимодействия региональных государственных органов и бизнес-структур в Республике Казахстан по критериям развития государственно-частного партнерства. Цель исследования – развитие теоретических и практических представлений о значении и содержании механизма взаимодействия бизнес-структур и государства. Методы индуктивного анализа правовых и бытовых институтов использовались наряду с институциональными, праксиологическими, историко-сравнительными методами при изучении существующих методов и практики внедрения цивилизованных принципов управления смешанной экономикой. На основе исследования состава и особенностей структурных компонентов стратегии развития партнерства, компонентов механизма реализации стратегии развития государства и предпринимательства, совместного предпринимательства и взаимосвязи результатов реализации механизма развития предпринимательства определены критерии оценки работы органов местного самоуправления. Кроме того, была составлена матрица взаимодействия бизнеса и власти на региональном уровне, изучены модели взаимодействия государственных органов и бизнес-структур, а также алгоритм взаимодействия власти и бизнес-структур. Исследование включает в себе количественный и качественный анализ официальной статистики с подробным описанием количества и характера коррупционных инцидентов, а также масштабов неформальных операций. Эти анализы легли в основу опеределения теневых схем.

Ключевые слова: государственные органы, бизнес-структуры, предпринимательство, систематизация механизма, государственное регулирование, экономические интересы, сферы взаимодействия предпринимательства.

References

1. Bogaturov A.D. Ponyatie ekonomicheskoy politologii i osobennosti ee problemnogo polya v Rossii [Concept of Economic Political Science and Peculiarities of Its Problem Field in Russia], Polis. Politicheskie issledovaniya [Policy. Political research], № 4, 8–19 (2011). Available at: https://mgimo.ru/files/209372/Bogaturov_4-11.pdf (accessed 28.09.2023) [in Russian]
2. Kurmanov N., Tolysbayev B., Aibossynova D., Parmanov N. Innovative activity of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan and factors of its development. //Economic Annals-XXI. 2016. - Volume 158, - Issue 3-4, -R.57-60 <https://doi.org/10.21003/ea.V158-13>
3. The Legatum Prosperity Index™. A tool for transformation. Overview. – 2021. - November. – 23p. [Elektronдық resurs]. - URL: https://docs.prosperity.com/3616/3544/3967/The_2021_Legatum_Pro Prosperity_Index_Overview_-_Web.pdf (zhыginu kыni - 28.09.2023)
4. United Nations. Kazakhstan Annual Report 2022. – 34p. Available at: <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2023-04/UN%20Kazakhstan%20Annual%20Report%202022%20EN.pdf> (accessed 22.07.2023) [in Russian]
5. Reyting stran mira po urovnyu zhizni-2021 [Rating of World Countries by Standard of Living 2021]. Available at: <https://basetop.ru/rejting-stran-mira-po-urovnyu-zhizni-2021/> [In Russian] (accessed 22.07.2023) [in Russian]
6. Kopytova E.D. Social'naya otvetstvennost' biznesa: problemy i perspektivy razvitiya [Social Responsibility of Business: Problems and Development Perspectives], Vologda: Vologodskij nauchnij centr Rossijskoj akademii nauk [Vologda: Volga Research Center of the Russian Academy of Sciences]. 174 (2017). Available at: http://library.vsc.ac.ru/Files/books/1528866855soc_otvetstvennost_biznesa.pdf (accessed 22.07.2023) [in Russian]
7. Jawahar I.M., McLaughlin G.L. Towards a descriptive stakeholder theory: An organizational life cycle approach. Academy of Management Review 26 (3): 397-414. DOI:10.2307/259184. Available at: https://www.researchgate.net/publication/238361862_Toward_a_Descriptive_Stakeholder_Theory_An_Organizational_Life_Cycle_Approach (accessed 22.08.2023) [in English]
8. Kisel K.Yu. Sovremennyye modeli vzaimodeystviya biznes-struktur i organov gosudarstvennoy vlasti [Modern models of interaction between business structures and government bodies: PhD. thesis in political science dis.], Moscow, 2013. – 176 s. Available at: <https://www.dissercat.com/content/sovremennyye-modeli-vzaimodeystviya-biznes-struktur-i-organov-gosudarstvennoi-vlasti> (accessed 30.07.2023) [in Russian]
9. Moiseev B.B. Vzaimodeystvie vlasti i biznesa: institutsional'nye mekhanizmy i puti sovershenstvovaniya: monografiya [Interaction of Power and Business: Institutional Mechanisms and Ways of Improvement: Monograph] B.B. Moiseev, B.B. Nicevich, V.F. Nicevich, E.A. Shurtukhina. - Orel: OF RANHiGS, 256 (2013). Available at: <https://doi.org/10.26425/2309-3633-2019-1-77-85> (accessed 22.07.2023) [in Russian]
10. Chirikova A.E., Ledyayev V.G. Vlast' v malikh rossiyskikh gorodakh: modeli vzaimodeystviya ispolnitel'noy i predstavitel'noy vlasti. [Models of Interaction between Executive and Representative Authorities], Mir Rossii vlasti i biznes [World of Russia: Power and Business]. 3 (6-32) 2015. Available at: <https://mirros.hse.ru/article/view/4924> (accessed 15.08.2023) [in Russian]
11. Korolev E.A. Modeli vzaimodeystviye biznesa i vlasti v Evropeyskom soyuze [Interaction of Business and Government in the European Union], Moscow, 2008. Available at: <https://cyberleninka>.

ru/article/n/modeli-vzaimodeystviya-biznesa-i-vlasti-v-evropeyskom-soyuze (accessed 22.08.2023) [in Russian]

12. Turovskij R.F. Regional'nye modeli vzaimodejstvija mezhdou delovymi i vlastnymi jelitami: sovremennye processy i ih social'no-politicheskie posledstvija, /Informacionnyj sajt politicheskikh komentarijev, 07.09.2009 - [Jelektrondyқ resurs]. - URL: <https://politcom.ru/8474.html> [(accessed 09.09.2023) [in Russian]

13. Boris O.A. Podkhody k otsenke modelej vzaimodejstvija biznesa i vlasti: uchet osobennostey sovremennoj situatsii [Approaches to Evaluating Models of Business-Government Interaction: Taking into Account the Features of the Current Situation] // Sustainable Development of the Socio-Economic System of the Russian Federation: Proceedings of the XXIII All-Russian Scientific and Practical Conference, Simferopol, November 18-19, 2021. – Simferopol: Limited Liability Company «Typography Publisher 'Arial», 2021. – 3-7 s. – EDN WFHQED. Available at: <https://elibrary.ru/item.asp?id=47282120>, https://elibrary.ru/download/elibrary_47282120_49230477.pdf (accessed 22.08.2023) [in Russian]

14. Ivchenko S.A., Liborakina M.I., Sivaeva T.S. Gorod i biznes: formirovaniye social'noy otvetstvennosti rossiyskikh kompaniy [City and Business: Formation of Social Responsibility of Russian Companies], Moscow, 2003. S. 136. Available at: https://urbaneconomics.ru/sites/default/files/3423_import.pdf (accessed 11.09.2023) [in Russian]

15. Markovskaya E.I. Vzaimodeystvie biznesa i organov vlasti: uchebnik i praktikum dlya vuzov [Interaction of Business and Authorities: Textbook and Workbook for Universities.], Edited by E.I. Markovskaya (2nd ed.). Moscow: Yurait Publishing House, 369 s. Available at: <https://publications.hse.ru/pubs/share/direct/395232860.pdf> (accessed 11.09.2023) [in Russian]

16. Elmurzaeva R.A. Vzaimodeystvie biznesa i gosudarstva: transformatsiya «zakhvata gosudarstva» [Interaction of Business and the State: Transformation of «State Capture»] // Bulletin of Tomsk State University. Economics. 2018. № 41. – P. 68-74. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/vzaimodeystvie-biznesa-i-gosudarstva-transformatsiya-zahvata-gosudarstva> (accessed 12.09.2023) [in Russian]

17. Otchyot o razvitiі malogo i srednego predprinimatelstva Respubliki Kazakhstan v pervom polugodii 2020 goda v razreze regionov [Report on the Development of Small and Medium-sized Enterprises in the Republic of Kazakhstan in the First Half of 2020 by Regions]. Available at: https://damu.kz/upload/iblock/64f/gtlmbj3udhqai95oh4wscxqnun2b4wmv/DAMU%20_%20SME%20report%202020%20_%20eng.pdf / (accessed 12.09.2023) (Nur-Sultan, 2021, №13, 100 p.) [in Russian]

18. Shagin zhane orta biznes ulesin 50%-ga deyin arttyru - strategiyalıк mindet // Egemen Qazaqstan, 2020 [Increasing the Small and Medium Business Sector by up to 50% - A Strategic Objective]. Available at: <https://egemen.kz/article/222191-shaghyn-dgane-orta-biznes-ulessin-50-gha-deyin-arttyru-strategiyalyq-mindet> (accessed 25.08.2023) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Баймбетова А.Б. – хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Туризм» кафедрасының профессор м.а., Қ.Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Есенәлі А.Е. – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының Есенәлі А.Е. - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3- курс докторанты, Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Б.Саттарханов көшесі, 29, 161200, Түркістан, Қазақстан.

Құлбаева А.А. – магистр, аға оқытушы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Рабиға Сұлтан бегім көш., 14б, 161200, Түркістан, Қазақстан.

Баймбетова А.Б. – автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, и.о. профессора кафедры «Туризм», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Есенәлі А.Е. – докторант 3-курса ОП «8D04114 – «Государственное и местное управление», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Б. Саттарханова, 29, 161200, Туркестан, Казахстан.

Құлбаева А.А. – магистр, старший преподаватель, Международный университет туризма и гостеприимства, ул. Рабиға Султан Бегим, 14б, 161200, Туркестан, Казахстан.

Baimbetova A.B. – corresponding author, Candidat of Economic Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov National University, K.Satpayeva str., 2, 010000, Astana, Kazakhstan.

Yessenali A.Y. – Doctoral student of the 3rd year of the educational program «8D04114 - State and local government» of the Kh.A.Yassawi International Kazakh-Turkicn University, B.Sattarkhanov str., 29, 161200, Turkestan, Kazakhstan

Kulbayeva A.A. – Master, Senior Lecturer, International University of Tourism and Hospitality, str. Rabiga Sultan Begim 14b, 161200. Turkestan, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



IRSTI 06.81.25
Research article

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-4-129-142>

Optimizing Business Processes with AI, BPMN 2.0, and Workflow Management Systems

A.N. Rakayeva*¹ , A.N. Rakayeva² 

¹ SAP Siemens AG, Berlin, Germany

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: ¹aida24@yandex.ru, ²rakaeva@yandex.ru)

Abstract. This research discusses the integration of artificial intelligence (AI), workflow management systems (WMS) and business process models and notes (BPMN) to improve the efficiency of modern business processes. Advanced technologies can significantly increase productivity, reduce costs and improve decision-making. The data analysis and automation capabilities of artificial intelligence enable companies to solve problems faster, optimize resource allocation and make better decisions. In combination with WMS, AI optimizes processes, automates workflows and increases operational efficiency.

BPMN 2.0 is a clear, standardized method for visualizing and modeling business processes that helps improve communication and consistency between teams. This structured approach enables companies to effectively document, analyze and improve their workflows.

Research shows the challenges companies face by using technologies, that also includes data quality issues, resistance to change and the need for a skilled workforce. Analyzing article, the authors consider the potential of quantum computing and developments in artificial intelligence algorithms and emphasize the importance of continuous innovation and adaptation for companies to remain competitive in an ever-evolving technology landscape.

Key words: Artificial Intelligence, Workflow Management Systems, BPMN 2.0, Business Process Automation, Digital Transformation.

Introduction

The use of artificial intelligence is rapidly transforming a wide range of industries, that includes the process of automation, prediction and optimization. This change is driven by the growing importance for companies to increase efficiency, reduce costs and make better data-driven decisions. Artificial intelligence is transforming the way businesses operate and offering opportunities for innovation in sectors ranging from finance to logistics. Despite its potential the uptake of AI faces several challenges, including data quality problems, a shortage of skilled professionals and employee resistance to change. The importance of artificial intelligence in modern business can't be overstated, as it's central to optimizing operational workflows, improving forecast accuracy and increasing productivity. The ongoing digital transformation in industries such as finance, manufacturing and retail underlines the importance of integrating AI into business processes. Artificial intelligence is successful implementation that depends on overcoming obstacles such as inadequate data infrastructure, lack of skilled staff and organizational resistance.

The object of the research is the role of artificial intelligence in business process management, with a focus on its integration with workflow management systems and Business Process Model and Notation 2.0. The study will focus on the application of AI in business process automation, specifically in the financial, manufacturing and logistics sectors, and its impact on organizational efficiency. The main objective of this research is to investigate the potential of AI to transform business processes through automation, optimization and improved decision making. The main objective is to analyze using of artificial intelligence on process automation in different sectors, to explore the use of BPMN 2.0 in business process modelling and the integration of AI into these models, and to investigate the challenges companies face in adopting artificial intelligence and how to mitigate them. This study takes a qualitative approach, using case studies and a literature review to explore current applications of AI in business processes. The study also analyses BPMN 2.0 as a tool for representing AI-driven workflows. In addition, it will review strategies for implementing AI in different industries to identify best practices and obstacles to overcome. It is expected that the deployment of AI will significantly increase the efficiency of business processes, improve predictability and reduce operational costs, in the financial and logistics sectors. In addition, the integration of BPMN 2.0 will provide a standardized framework for process automation and optimization.

The importance of this research is that it can guide organizations in using artificial intelligence for process optimization and innovation. By addressing the barriers to the implementation of AI and providing a framework for its integration with BPMN 2.0, this research will contribute to the advancement of business process management strategies and provide insights into the broader implications of artificial intelligence deployment on workforce dynamics and organizational productivity. Many sources show the growing importance of AI in business process management. Wirtz and Weyerer, as example, explore different AI technologies and their applications in enterprises, highlighting the ability of AI to rationalize operations. Gadatsch discusses the potential of AI to improve business process management through automation, while Berg analyses the challenges that companies face when adopting AI technologies. Studies by Jakob

Freund and Bernd Rücker highlight the role of BPMN 2.0 in creating clear and standardized representations of business processes, which can be critical for the effective integration of AI. The growing importance of artificial intelligence in the financial sector is reflected in the work of Büchel, who explores the role of artificial intelligence in optimizing financial processes such as automated coordination and forecasting. AI-based systems such as IBM Watson and SAP are often cited as key enablers for automating and streamlining business operations. At the same time, these studies also highlight the challenges that companies face, such as data quality issues and fear of employee loss of productivity. These barriers can hinder the uptake of artificial intelligence, highlighting the need for a comprehensive strategy to overcome them. Through a review of the existing literature, the aim of this study is to provide a deeper understanding of the role of AI in optimizing business processes and how methodologies such as BPMN 2.0 can support its implementation.

Methodology

This study employs a comprehensive, multi-faceted research approach to explore the transformative potential of Artificial Intelligence, Workflow Management Systems, and Business Process Model and Notation 2.0. The research shows practical applications and impact on business process optimization and combines both qualitative and quantitative methods, that aims to provide a holistic understanding of this technology.

The methodology starts with an extensive literature review, including an analysis of academic publications industry reports and technical standards. The study develops a theoretical framework that focuses on the historical development. The basic concepts and current relevance of AI, WMS, and BPMN 2.0. Special emphasis is placed on identifying gaps in existing knowledge as well as challenges and opportunities related to the implementation of this technology.

The case study approach explores real-world examples of successful integration across industries. Selected cases include manufacturing, retail, logistics, and financial organizations, providing a variety of perspectives on strategies and operational outcomes. The analysis assesses tangible benefits achieved such as process efficiency, cost reduction, and improved decision-making capabilities. In addition, challenges encountered during this implementation will be assessed, including technical and organizational barriers. It has been recorded to provide practical insights.

High-quality information was acquired during interviews with industry experts. These interviews, including with technology leaders, workflow analysts and experts in the field of artificial intelligence, examine effective implementation strategies, innovative trends and the interaction between technological innovation and organizational change. At the same time, the collected qualitative data complement the quantitative results and add depth and content to the analysis.

Quantitative data was collected through surveys of various organizations. The survey explores the scope of AI, WMS and BPMN 2.0 adoption, specific use cases, and awareness of benefits and challenges. Statistical analysis of this data will identify patterns and relationships, and provide macro insights into the impact of the technology. The results provide useful information for companies looking to adopt these tools.

To assess the usefulness of these tools and platforms in practice, a comparative assessment of the tools and platforms was carried out, the assessment of which included the design of the user interface. To identify strengths and weaknesses, ease of integration with existing systems, scalability, and useful tools such as AI-based automation platforms, BPMN-compatible modeling software, and WMS solutions were considered. This comparative analysis provides recommendations on the selection and implementation of the most appropriate technologies.

The demonstration of the practicality of BPMN 2.0 was replicated through simulated business processes using BPMN-compatible tools. This model demonstrates the standardization of the workflow. The integration of artificial intelligence-based automation and the role of WMS in operations modeling and monitoring confirm theoretical assumptions and provide a realistic picture of how this technology will work in real conditions.

During the development of the conceptual framework, the research results are summarized into guidelines for organizations. This concept identifies the best practices for implementing a strategy to overcome resistance to change and solve various problems such as data quality problems, as well as skill gaps, and takes into account the potential of new technologies such as quantum computing to improve business process management.

The research study explores the topic in depth using this rigorous and multifaceted approach. The results are intended to support academic knowledge, inform industry action and support a variety of organizations to achieve digital transformation through the integration of AI, WMS and BPMN 2.0.

Findings

Analyzing the definition of artificial intelligence, one can single out Marvin Minsky, who described artificial intelligence as the science of how to make machines perform actions that require human intelligence. There are two types of artificial intelligence - weak and strong AI. Weak AI, also known as narrow AI, is designed to perform only a specific task. Strong AI includes artificial general intelligence (AGI) and artificial superintelligence (ASI). Artificial general intelligence can solve problems, learn and plan for the future, while artificial superintelligence can become even better than the intelligence of the human brain.

For companies, artificial intelligence is considered one of the most important technologies of the future, because many companies use artificial intelligence algorithms on a daily basis. Companies can use AI in different ways, as example, AI-based knowledge management software. The use of neural networks in this software makes it possible to analyze, disseminate and share knowledge with others. Next, AI can be used in AI-based process automation systems. This makes it possible to automate standard tasks. [1]

На сегодня, исходя из имеющихся данных и проведенного анализа с помощью кластеризационного подхода, оптимально можно выделить 3 основных уровня: интеграционный, страновой и потенциальный. Это означает, что, несмотря на критериальные различия отнесения банков в категорию СЗБ на уровне стран-участниц, все же можно отнести эти СЗБ по трем основным группам. Следовательно,

при разработке единых критериев необходимо так определить коридоры показателей, чтобы выделялись четкие границы между ними.

Имитационное моделирование показало, что на сегодня многие СЗБ стран-участниц могут быть отнесены как ко 2-му, так и 3-му уровню, поскольку критерии не позволяют четко выделить границы критериев. Получается, что эти СЗБ стран по одним критериям могут быть отнесены к уровню 2, а по другим критериям – к уровню 3, что и вызвало некоторое недоумение. Именно поэтому различные метрики показывали различные результаты. Но поскольку большинство сходилось к выделению 3-х кластеров, целесообразно было определить и 3 уровня кластеров в региональном союзе ЕАЭС.

Таким образом, проведенный анализ и имитационное моделирование показали, что сегодня страны-участницы имеют потенциал и некоторые предпосылки для разработки единых критериев отнесения банков стран-участниц к категории СЗБ ЕАЭС. Однако имеются проблемы, которые вполне реально разрешимы, если страны-участницы смогут принять во внимание следующее. Во-первых, при разработке критериев следует создать такие, которые не будут мультиколлинеарны друг с другом, то есть следует брать такие показатели, которые напрямую не оказывают влияния на результаты друг друга. Во-вторых, следует четко и достаточно узко определить коридор показателей, чтобы они значительно отличались по уровню, что позволяло бы относить СЗБ к четко определенному уровню.

Создание кластеров системно значимых банков в рамках регионального экономического союза (ЕАЭС) может стать одним из эффективных механизмов повышения конкурентоспособности банковских рынков стран-участниц. Позволит усилить качество финансовых услуг и инновационный потенциал региона.

Следующим шагом в рамках исследования проблем формирования единых критериев для SIBs стран ЕАЭС может стать тщательный анализ имеющихся критериев системной значимости. На наш взгляд, назрела необходимость перехода от прежнего усредненного подхода к дифференцированному (пропорциональному) регулированию в зависимости от роли в системе и объема принимаемых рисков.

Благодарность, конфликт интересов

Авторы статьи: Дальке А.Ю., Рузиева Э.А., Нургалиева А.М. заявляют, что конфликта интересов нет.

Вклад авторов.

Авторы подтверждают вклад в статью следующим образом:

Дальке А.Ю. – постановка проблемы, разработка концепции статьи, критический анализ литературы, итоговая переработка статьи.

Рузиева Э.А. – анализ и интерпретация данных, описание результатов и формирование выводов исследования.

Нургалиева А.М. – сбор статистических данных, табличное и графическое представление результатов.

Все авторы (**Дальке А.Ю., Рузиева Э.А., Нургалиева А.М.**) рассмотрели результаты исследования и одобрили окончательную версию статьи для публикации.

Список литературы

1. Tabak B. M., Fazio D. M., Cajueiro D. O. Systemically important banks and financial stability: The case of Latin America //Journal of Banking & Finance. – 2013. – Vol. 37. – P. 3855-3866, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2013.06.003>
2. Bongini P, Nieri L, Pelagatti M. The importance of being systemically important financial institutions //Journal of Banking & Finance. – 2015. – Vol. 50. – P. 562-574, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2014.07.006>
3. Anginer D., Demirgüç-Kunt A., Mare D. S. Bank capital, institutional environment and systemic stability //Journal of Financial Stability. – 2018. – Vol. 37. – P. 97-106, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jfs.2018.06.001>
4. Рузиева Э.А., Святов С.А., Дальке А.Ю. Исследование предпосылок формирования системно значимых банков в региональных экономических союзах// Вестник Университета «Туран». – 2024. - №. 2. – С. 38-52. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-38-52>
5. Gu Y, Zhu S. Assessment of Systemically Important Banks-A review //International Journal of Business and Social Science. – 2015. – Vol. 6. – P. 132-139.
6. Iwanicz-Drozdowska M., Schab I. Regulation of G-SIBs. Does one size fit all? //Working Paper. – 2013.
7. Masciantonio S. Identifying and tracking global, eu, and eurozone systemically important banks with public data //Applied Economics Quarterly. – 2015. – Vol/ 1. – P. 25-64.
8. Святов С. А., Святова М. А. Системно значимые банки в национальной экономике: критерии идентификации, роль и подходы к регулированию //Central Asian Economic Review. – 2020. – №. 4. – С. 127-135.
9. Господарчук Г. Г., Сучкова Е. О. Совершенствование критериев идентификации системно значимых банков на основе кросс-секторального подхода //Финансы: теория и практика. – 2018. – Т. 22. – №. 4. – С. 18-37.
10. Джагитян Э. П. Перспективы и риски формирования институциональной структуры банковского регулирования в ЕАЭС //Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика. – 2019. – Т. 14. – №. 2. – С. 245-274.
11. Oral C., Akkaya G. C. Profitability Analysis Of Banks By Using Clustering Method: An Application On Turkish Banking Sector //Proceedings of International Academic Conferences. – International Institute of Social and Economic Sciences - 2015. – №. 2503730.
12. Affes Z., Hentati-Kaffel R. Forecast bankruptcy using a blend of clustering and MARS model: case of US banks //Annals of Operations Research. – 2019. – Т. 281. – №. 1. – С. 27-64.
13. Negnevitsky M. Identification of failing banks using Clustering with self-organising neural networks //Procedia Computer Science. – 2017. – Vol. 108. – P. 1327-1333, <https://doi.org/10.1016/j.procs.2017.05.125>
14. Marques B. P., Alves C. F. Using clustering ensemble to identify banking business models // Intelligent Systems in Accounting, Finance and Management. – 2020. – Vol. 27. – P. 66-94, DOI: <https://doi.org/10.1002/isaf.1471>
15. Mercadier M. et al. Banks' risk clustering using k-means: a method based on size and individual & systemic risks //Available at SSRN 3946293. – 2021, DOI: <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3946293>
16. Peng K., Leung V. C. M., Huang Q. Clustering approach based on mini batch kmeans for intrusion detection system over big data //IEEE access. – 2018. – Vol. 6. – P. 11897-11906, DOI: [10.1109/ACCESS.2018.2810267](https://doi.org/10.1109/ACCESS.2018.2810267)

17. Nazari, A., Dehghan, A., Nejatian, S., Rezaie, V., & Parvin, H. A comprehensive study of clustering ensemble weighting based on cluster quality and diversity//Pattern Analysis and Applications. – 2019. Vol 22(1), P.133-145.

18. Правила отнесения финансовых организаций к числу системно значимых. Утверждены Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 23 декабря 2019 года №240 - [Электрон. ресурс] URL: <https://www.nationalbank.kz> (дата обращения: 20.06.2024).

19. Инструкция о порядке определения системно значимых банков, небанковских кредитно-финансовых организаций. Утверждена Постановлением Правления Национального Банка Республики Беларусь от 18 мая 2017 года №180 - [Электрон. ресурс] URL: <https://www.nbrb.by> (дата обращения: 22.06.2024).

20. О методике определения системно значимых кредитных организаций. Указание Центрального Банка Российской Федерации от 13 апреля 2021 года №5778-У [Электрон. ресурс] URL: <https://www.cbr.ru> (дата обращения: 24.06.2024).

А.Ю. Дальке*¹, Э.А. Рузиева², А.М.Нурғалиева³

^{1,3}*Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан*

²*Алматы Технологиялық Университет, Алматы, Қазақстан*

ЕАЭО деңгейінде жүйелік маңызы бар банктер үшін бірыңғай критерийлер құрудың алғышарттары: кластерлеу тәсілі

Андатпа. Жүйелі маңызы бар банктерді сәйкестендіру мәселелері 10 жылдан астам уақыт бойы өзектілігін жоғалтпаған, ал Экономикалық Одақтарда олар үшін бірыңғай өлшемдерді әзірлеу сұрақтары ерекше қызығушылық тудыруда. ЕАЭО шеңберінде ЖҚБ (жүйелі маңызды банктер) кластерлерін қалыптастыру қатысушы елдердің банктері көрсететін қаржылық қызметтердің сапасын жақсартуға, сондай-ақ экономикалық одақтың инновациялық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді. Жұмыстың мақсаты Еуразиялық Экономикалық Одаққа қатысушы елдер ретінде Қазақстан, Беларусь және Ресей үшін ЖМБ-ді (жүйелі маңызы бар банк) сәйкестендірудің бірыңғай критерийлерін әзірлеудің алғышарттары мен іргелі мүмкіндіктерін кластерлеу әдіснамасын (Евклидтік қашықтық метрикасы мен Хамминг моделін) қолдану арқылы зерттеу болып табылады. Бұл ретте, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті әзірлеген ұлттық жүйелік маңызы бар банктер үшін әдістемелік ұсынымдар ескерілді. Зерттеу нәтижелері ЕАЭО-ның жекелеген елдерінде ЖМБ-тер санатына жатқызылған банктерді топтастыру үш кластерді немесе 1 деңгейді (интеграциялық), 2 деңгейді (елдік) және 3 деңгейді (әлеуетті) бөлу кезінде қисынды екендігін көрсетуде. Талдау бірыңғай критерийлерді әзірлеу кезінде бір-біріне аппроксимативті көрсеткіштерді әзірлеу қажеттілігін анықтады. Сонымен қатар, критерийлер нақты және қатаң анықталуы керек, ал ұқсас белгілер (көрсеткіштер) айтарлықтай бөлек. Зерттеу екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлім «Тұран» университетінің газетінде жарияланған. Бұл жұмыс – екінші бөлім жұмысының жалғасы болып табылады.

Түйін сөздер: жүйелі маңызы бар банктер, Еуразиялық экономикалық одақ, Бірыңғай критерийлер, кластерлеу модельдері, имитациялық модельдеу.

A.Yu. Dalke*¹, E.A. Ruziyeva², A.M. Nurgaliyeva³
^{1,3}Narxoz University, Almaty, Kazakhstan
²Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Backgrounds for creating unified criteria for systemically important banks at the EAEU level: clustering approach

Abstract. The problems of identifying systemically important banks have not lost their relevance for more than 10 years, and the issues of developing uniform criteria for them in economic unions are of particular interest. The formation of clusters of SIBs (systemically important banks) within the EAEU will improve the quality of financial services provided by the banks in the participating countries, and will also strengthen the innovative potential of the economic union. The purpose of the study is to examine, through the application of clustering methodology (Euclidean distance metrics and Hamming models), the backgrounds and fundamental possibilities for developing uniform criteria for identifying SIBs for Kazakhstan, Belarus and Russia, as participating countries of the Eurasian Economic Union. At the same time, methodological recommendations for national systemically important banks developed by the Basel Committee on Banking Supervision are taken into account. The results of the study showed that the grouping of banks classified in individual EAEU countries as SIBs is logical when three clusters are identified: Level 1 (integration), Level 2 (country), and Level 3 (potential). The analysis emphasizes that when developing unified criteria, it is necessary to develop indicators that are not approximated with each other. In addition, the criteria must be clearly and strictly defined, and similar features (indicators) must be significantly different. The present study is comprised of two sections; this paper is part of the second section.

Key words: systemically important banks, Eurasian Economic Union, unified criteria, clustering models, simulation modeling.

References

1. Tabak B. M., Fazio D. M., Cajueiro D. O. Systemically important banks and financial stability: The case of Latin America// Journal of Banking & Finance, 37, 3855-3866 (2013), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2013.06.003>
2. Bongini P, Nieri L, Pelagatti M. The importance of being systemically important financial institutions// Journal of Banking & Finance, 50, 562-574 (2015), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2014.07.006>
3. Anginer D., Demirgüç-Kunt A., Mare D. S. Bank capital, institutional environment and systemic stability//Journal of Financial Stability,37, 97-106 (2018), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jfs.2018.06.001>
4. Ruziyeva E.A., Svyatov S.A., Dalke A.Yu. Issledovanie predposylok formirovaniya sistemno znachimyykh bankov v regional'nykh ehkonomicheskikh soyuzakh [Study of prerequisites for the formation of systematically important banks in regional economic associations]. Bulletin of "Turan" University [Vestnik universiteta «TuraN»]. 2. 38-52. (2024). <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-38-52> [in Russian].
5. Gu Y., Zhu S. Assessment of Systemically Important Banks-A review// International Journal of Business and Social Science, 6, 132-139 (2015).
6. Iwanicz-Drozdowska M., Schab I. Regulation of G-SIBs. Does one size fit all?// Working Paper. (2013).

7. Masciantonio S. Identifying and tracking global, eu, and eurozone systemically important banks with public data//Applied Economics Quarterly, 1, 25-64 (2015).
8. Svyatov S.A., Svyatova M.A. Sistemno znachimye banki v nacional'noj ekonomike: kriterii identifikacii, rol' i podhody k regulirovaniyu [Systemically important banks in the national economy: identification criteria, role and approaches to regulation]. Central Asian Economic Review. 127-135 (2020). [in Russian].
9. Gospodarchuk G.G., Suchkova E.O. Sovershenstvovanie kriteriev identifikacii sistemno znachimyh bankov na osnove kross-sektoral'nogo podhoda. [Improving the criteria for identifying systemically important banks based on a cross-sectoral approach]. Finansy: teoriya i praktika [Finance: Theory and Practice]. 4 (22). 18-37 (2018). [in Russian].
10. Dzhagityan E.P. Perspektivy i riski formirovaniya institucional'noj struktury bankovskogo regulirovaniya v EAES [Prospects and risks of forming an institutional structure of banking regulation in the EAEU]. Vestnik mezhdunarodnyh organizacij: obrazovanie, nauka, novaya ekonomika [Bulletin of International Organizations: Education, Science, New Economy]. 2(14). 245-274 (2019). [in Russian].
11. Oral C., Akkaya G.C. Profitability Analysis Of Banks By Using Clustering Method: An Application On Turkish Banking Sector. Proceedings of International Academic Conferences// International Institute of Social and Economic Sciences. №. 2503730 (2015).
12. Affes Z., Hentati-Kaffel R. Forecast bankruptcy using a blend of clustering and MARS model: case of US banks// Annals of Operations Research. 281, 27-64 (2019).
13. Negnevitsky M. Identification of failing banks using Clustering with self-organising neural networks// Procedia Computer Science. 108, 1327-1333 (2017), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.procs.2017.05.125>
14. Marques B.P., Alves C.F. Using clustering ensemble to identify banking business models// Intelligent Systems in Accounting, Finance and Management. 27, 66-94 (2020), DOI: <https://doi.org/10.1002/isaf.1471>
15. Mercadier M. et al. Banks' risk clustering using k-means: a method based on size and individual & systemic risks. Available at SSRN 3946293. (2021), DOI: <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3946293>
16. Peng K., Leung V.C. M., Huang Q. Clustering approach based on mini batch kmeans for intrusion detection system over big data//IEEE access. 6, 11897-11906 (2018). DOI: 10.1109/ACCESS.2018.2810267
17. Nazari, A., Dehghan, A., Nejatian, S., Rezaie, V., & Parvin, H. A comprehensive study of clustering ensemble weighting based on cluster quality and diversity// Pattern Analysis and Applications, 22(1), 133-145. (2019).
18. Pravila otneseniya finansovyh organizacij k chislu sistemno znachimyh. Utverzhdeny Postanovleniem Pravleniya Nacional'nogo Banka Respubliki Kazahstan ot 23 dekabrya 2019 goda №240 «Pravila otneseniya finansovyh organizacij k chislu sistemno znachimyx», [Rules for Classifying Financial Organizations as Systemically Important. Approved by the Resolution of the Board of the National Bank of the Republic of Kazakhstan dated December 23, 2019, No. 240, "Rules for Classifying Financial Organizations as Systemically Important."] Available at: <https://www.nationalbank.kz> (accessed 20.06.2024), [in Russian].
19. Instrukciya o poryadke opredeleniya sistemno znachimyh bankov, nebankovskih kreditno finansovyh organizacij. Utverzhdena Postanovleniem Pravleniya Nacional'nogo Banka Respubliki Belarus' ot 18 maya 2017 goda №180, [Instruction on the Procedure for Determining Systemically Important Banks and Non-Banking Credit and Financial Organizations. Approved by the Resolution of the Board of the

National Bank of the Republic of Belarus dated May 18, 2017, No. 180.] Available at: <https://www.nbrb.by> (accessed 22.06.2024), [in Russian].

20. О методике определения системно значимых кредитных организаций. Утверждена Указанием Центрального Банка Российской Федерации от 13 апреля 2021 года №5778-У, [On the Methodology for Determining Systemically Important Credit Institutions. Approved by the Directive of the Central Bank of the Russian Federation dated April 13, 2021, No. 5778-U] Available at: <https://www.cbr.ru> (accessed 24.06.2024), [in Russian].

Сведения об авторах

Дальке Алёна Юрьевна – автор для корреспонденции, докторант, Школа экономики и менеджмента, Университет Нархоз, Жандосова, 55, 050000, Алматы, Казахстан.

Рузиева Эльвира Абдулмитовна – кандидат экономических наук, асоц. профессор, заведующая кафедрой «Бухгалтерский учет и финансы», Технологический университет, Төле би, 100, Алматы, 050000, Казахстан.

Нургалиева Алия Мияжденовна – кандидат экономических наук, PhD, ассоциированный профессор, Школа экономики и менеджмента, Университет Нархоз, Жандосова, 55, 050000, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Дальке Алёна Юрьевна – хат-хабар авторы, докторант, Экономика және менеджмент мектебі, Нархоз Университеті, Жандосов, 55, 050000, Алматы, Қазақстан.

Рузиева Эльвира Абдулмитовна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, бухгалтерлік есеп және қаржы кафедрасының меңгерушісі, Алматы Технологиялық университет, Төле би 100, Алматы, Қазақстан.

Нургалиева Алия Мияжденовна – экономика ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор, Экономика және менеджмент мектебі, Нархоз Университеті, Жандосов, 55, 050000, Алматы, Қазақстан.

Dalke Alyona – corresponding author, doctoral student at the School of Economics and Management, Narxoz University, Zhandosova Str., 55, 050000, Almaty, Kazakhstan.

Ruziyeva Elvira – candidate of economic, associate professor, Technological University, Head of the Department of Accounting and Finance, Tole Bi Str., 100, 050000, Almaty, Kazakhstan.

Nurgaliyeva Aliya – candidate of economic science, PhD, associate professor, School of Economics and Management, Narxoz University, Zhandosova Str., 55, 050000, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ГТАХР 06.73.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-4-195-208>

Қаржы даму институттарының қаржыландыру тетігінің Қазақстандағы кәсіпкерлікке тигізетін ықпалы

М.Б. Аубакирова*¹, С.Б. Мақыш²

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

² Есіл университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: a_maxabbat@mail.ru, makysh.sb@yandex.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы кәсіпкерліктің гүлденуіне тікелей әсер ететін қаржы даму институты зерттелген. Бұл «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ болып табылады. Біздің жасаған зерттеуімізге сүйенетін болсақ, осындай деңгейлі қаржы даму институтымен қаржыландырылған Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің белсенділігінің дамуын талдауы қарастырылған. Зерттеу жұмысы барысында, осы ұлттық мекеменің орта және шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыруға ықпалы бағаланды, сонымен қоса, кәсіпкерлерге ұсынатын қаржылық қолдаудың түйінді тетіктері мен құралдары қарастырылды. Алынған нәтижелер кәсіпкерлікті қаржылық қолдауын жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау үшін пайдаланылуы әбден мүмкін. Өйткені, зерттеу жұмысы нақты статистикалық деректерге негізделген.

Авторлар Қазақстан Республикасындағы қаржы даму институттарының шағын және орта кәсіпкерлікке бөлінген қаражаттың сапасы мен құрылымына кешенді талдау жүргізді. Зерттеудің маңызды аспектісіне қаржы даму институтымен бөлінген қаражатты елдің экономикасына пайда келтіру тиімділігін талдауы жатқыздырылады. Мақаладағы талдау мен жиналған деректер негізінде мемлекеттегі кәсіпкерлік позицияларын нығайту, қаржылық тетіктерін жақсарту үшін қаржылық ресурстарды анағұрлым тиімді пайдалануын көруге болады. Бұл өз кезегінде елдегі әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтарды төмендетуге, тұрақты экономикалық өрлеуге әкеліп соғады.

Түйін сөздер: қаржы даму институты, қаржыландыру тетігі, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы, әлеметтік-экономикалық даму, кәсіпкерлікті дамыту, орта және шағын кәсіпкерлік.

Кіріспе

Орта және шағын кәсіпорындардың дамуы мен гүлденуі кез-келген мемлекеттің даму жолындағы міндетті түрде орын алатын көрсеткіші болып табылады. Қазақстан мемлекетінде де осы көрсеткішті көтеру мақсатында ел экономикасында көптеген жұмыс жасалуда. Атап кеткен салада белсенді мемлекеттік қолдау әр-тараптан жасалып жатыр, ол қаржыландыру тетіктері арқылы көзделген мақсаттарға жеткізіледі. Өз кезегіндегі кәсіпкерліктің дамуы мемлекеттің тұрақты дамуына, инновацияларды ынталандыруға және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына алып келеді.

Қазақстанда осы бағытта жұмыс жасайтын қаржы даму институты болып «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ табылады. Осы мекеме орта және шағын кәсіпкерлерді қолдауды екі түрде жүргізеді: қаржылық және қаржылық емес. Ол Қазақстандағы кәсіпкерлер үшін көптеген жағдайда шешуші рөл атқарады. Ел экономикасының дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығы оның кәсіпкерлік белсенділігіне тәуелді.

1997 жылғы 26 сәуірде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 665 қаулысымен құрылды [1]. Бұл қаржы даму институты Қазақстандағы орта және шағын кәсіпорындарды қолдау мақсатымен көмек беру үшін құрылған болатын. Сонымен қоса, оның қызметіне кәсіпорындардың ұсынатын жұмыс түрлеріне және шығаратын өнімдеріне сұранысты ынталандыруға бағытталған.

Атап кететін жайт, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әр кезеңде әрқилы мекемелердің қол астында болды. Мысалды, 2006 ж. қыркүйегінен бастап 2008 жылға дейін ол «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ акционерлік холдингінің құрамында жұмыс жасады [2]. 2008 жылдан бастап 2011 жылға дейін ол «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ының қарамағында болды. Ал 2011 жылдың 28 желтоқсанынан бастап ол мемлекеттің экономикалық даму және Сауда министрлігінің, ал 2013 жылдың 10 сәуірінен бастап Өңірлік даму министрлігінің сенімгерлік басқаруында болды. Қазіргі уақытта оның 100% акциясы иеленетін жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 22 мамырының №571 «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» жарлығына сәйкес заңды құжатпен расталады [3].

Қаржы даму институтының қазіргі актуалды миссиясына микро кәсіпкерлерден бастап орта кәсіпкерлерді қолдау мақсатында тиімді қаржылық пен қаржылық емес құралдарын қолдану арқылы кешенді жұмыс жүргізу жатқыздырылады. Ал оның өзекті көзқарасы – Ұлттық даму институты ретінде мемлекеттегі кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы шараларды кешенді қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өз көзқарасын іске асыру мақсатында орта және шағын кәсіпкерліктің басталып келе жатқан, жұмыс істеп тұрған субъектілерін қолдау мен дамыту және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның тұрақты институционалдық дамуы атты негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді. Бірінші стратегиялық даму бағыты бойынша келесі жұмыстар

жүргізілуде: қаржы даму институтының қаржылық бағдарламаларына орта және шағын бизнесіне қолжетімділігін қамтамасыз ету, қолдау көрсетілетін орта және шағын бизнесінің кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Екінші бағытына тоқталатын болсақ, тұрақты даму деңгейін арттыру, бизнес-процестерді цифрландыру, корпоративтік басқару деңгейін арттыру атты жұмыстар іске асырылуда [4].

Біздің ойымызша, Қазақстанның экономикалық дамуының қазіргі жағдайында қаржылық даму институттарының тиімді жұмыс істеу мәселесі кәсіпкерлік белсенділікті қолдау мен ынталандыруды қалыптастырудың негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Қазақстан мемлекеті кәсіпкерлерге қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және оңтайландыру үшін қолайлы климат құруға ерекше назар аударады. Бұл өз кезегінде тұрақты экономикалық өсу және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтеу ұмтылысын нығайтады.

Зерттеудің мақсаты

Мақаланы жазу барысында орта және шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсететін қаржы даму институтының, яғни «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның, қаржыландыру тетіктерінің Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту мен ықпалын зерттеу алға қойылды.

Зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеу нәтижесінде және мақала жазу барысында келесі ақпарат көздері пайдаланылды: Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған ресми статистикалық деректері мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның ресми жылдық есептіліктері. Сонымен қоса, зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері пайдаланылды.

Зерттеу барысында мақалада әрқилы ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, мақалада зерттелген қаржы даму институтының қаржыландыру тетіктерін пайдалануын бағалау және талдау кезінде келесі әдістер пайдаланылды: статистикалық әдіс, экономикалық әдіс, себеп-салдарлық талдау әдісі мен абстрактілі-логикалық әдіс қолданылды. Сонымен қоса, синтездеу әдісі талдау процесінде орын алды.

Ақпараттық негіз ретінде статистикалық көрсеткіштер зерделеніп пайдаланылды. Сонымен бірге, мағлұматтарды көрнекті және анағұрлым егжей-тегжейлі анықтауға, байқап білуге көмек беретін графикалық бейнелеу әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау


«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекетте орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту жолында келесі міндеттер мен функциялар атқарады: қаржылық қолдау,

кәсіпкерлерге кеңес беру және оқыту бағдарламаларын ұсыну, стартаптар мен инновацияларды қолдау, ресурстар мен нарықтарға қол жетімділікті дамыту, жобалау қызметін жүргізу.

Ол қаржылық қолдау шеңберінде бизнеске қаржы құралдарын және несие өнімдерін ұсынады. Сонымен, Қазақстан экономикасындағы инновациялық шешімдер мен технологиялардың дамуын ынталандыра отырып, инновациялық жобалар мен стартаптарды белсенді қолдайды. Кәсіпкерлердің сату нарықтарына, халықаралық серіктестерге және бизнесті кеңейтуге қажетті ресурстарға қол жетімділігін кеңейтуге ықпал етеді [4].

Қаржы даму институтының қызметі басталғаннан бері 2022 жылға дейін ол мемлекеттік қолдауға ие болған жобалар арқасында айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ көмегімен қолдау көрсетілген кәсіпкерлер 83 трлн теңгеге өнім шығарған болатын. Мемлекеттің қазынасына жалпы алғанда осы кезең аралығында орта және шағын кәсіпкерлер 5,5 трлн теңгеге салық төледі. Нәтижесінде, бұл қаржы даму институтымен қолдау көрсетілген кәсіпорындарда жұмыс орнының сақталуы мен пайда болуына әсер етті, іс жүзінде 201 447 жұмыс орны пайда болды, 961 669 жұмыс орны сақталды [5].

Қаржы даму институты құрылған сәттен бастап 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін кәсіпкерлердің 214 032 жобасына қолдау көрсетті, оның жалпы сомасы 12,874 трлн теңгені құрайды [4].




Сурет 1 – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ –ның 1997 жылдан бастап 2024 жылдың 1 шілде аралығында кәсіпкерлерге қолдау көрсетілген құралдары бойынша көрсеткіштердің графикалық мүсіні

Ескерту: авторлар [4] дереккөзі негізінде құрастырған

1-суретте көрсетілген деректерден көрініп тұрғандай, ол қаржыландыру тетіктерінің үш қаржылық қолдау құралдарына орай жұмыс толықтай жасалғанын байқауға болады. Бұл мемлекет экономикасының дамуына ықпалын тигізуде. Әсіресе, Қазақстанда орта және шағын кәсіпкерлікті қолдаудың оң динамикасы байқалады. Бұл өсу қаржы даму институтының күш-жігерінің арқасында жүзеге асырылады. Мұндай прогрестің көрсеткіштерінің бірі – жаңа орта және шағын кәсіпорындарды құру. 2021 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасында орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қолданылады. Бұл құжат елдегі бизнесті дамытуды жандандыруға ықпал ететін негізгі институционалдық шарттар мен алғышарттарға негізделген. Субсидиялау бойынша – 8 218 млрд. теңгені құрайтын 107 884 жоба, кепілдік беру бойынша – 1 878 млрд. теңге сомасын құрайтын 67 606 жоба, жеңілдетілген қаржыландыру бойынша – 3 081 млрд. теңге сомасын құрайтын 80 781 жоба қаржы даму институтымен қолдау тапты.

Қарастырылып отырған қаржы даму институты жүзеге асыратын қаржылық субсидиялау кәсіпкерлерді олардың қаржылық шығындарды төмендетуге және бизнес-дамуды ынталандыруға бағытталған қолдау тетігі болып табылады. Бұл субсидиялар кәсіпкерлерге қаржылық ауыртпалықты азайтуға көмектеседі, бұл олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын жақсартуға ықпал етеді. Субсидиялар жаңа кәсіпті бастау үшін де, бұрыннан бар бизнесті кеңейту немесе жаңарту үшін де берілуі мүмкін. Бөлінген қаражат кәсіпорынның ағымдағы операциялық шығындарын жабуға арналған.



Сурет 2 – 2019-2023 жылдар аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның мемлекеттік бағдарламалар аясында орта және шағын кәсіпкерлерге ұсынған қаржылық субсидиялау, млрд. теңге

Ескерту: авторлар [5] дереккөзі негізінде құрастырған

2-суретке орай біз 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі аралықта қаржы даму институтының қаржылай субсидиялаған жобалардың сомасын көре аламыз. Әр жылда әрқилы бағдарламалар аясында субсидиялау іске асырылған. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша қарастырылып отырған жылдар аралығында өсу тенденциясын байқай аламыз, бірақ 2022 жылы (600 млрд. теңге – 5 756 жоба) 2021 жылға (741 млрд. теңге – 7 269 жоба) қарағанда 141 млрд.теңге төмендеуін байқауға болады, ол 1 512 жоба санын құрайды. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама тоқтатылды, алайда қаржыландырылған жобалар жұмыс жасауда. 2022 жылға қарай кәсіпкерлердің белсенділігі төмендеді, ол 2021 жылдан бастап 2025 жылдар аясында кәсіпкерлерді дамыту мақсатты ұлттық жобасына орай көптеген өзгерістер енгізілген болатын. Оның бірі – субсидиялау мақсатында берілетін несие сомасының бәсеңдеуі: 7 млрд. теңгеден 3 млрд. теңгеге дейін. Ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 2019 жылдан (61 млрд. теңге – 171 жоба) 2020 жылға (347 млрд. теңге – 386 жоба) қарағанда күрт өсуді байқамыз. Өйткені, 2020 жылы кәсіпкерлер тарапынан мемлекеттік қолдау шараларына деген сұраныс қайта қаржыландыру, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыру мақсатындағы пайдаланылған жобалар есебінен айтарлықтай артқан болатын. «Микронесиелеу» бағдарламасы бойынша өзгермелі жағдай байқалады: 2020 жылы – 12 млрд. теңге (2 143 жоба), 2021 жылы – 77 млрд. теңге (13 717 жоба), 2022 жылы – 133 млрд. теңге (18 552 жоба), 2023 жылы – 40 млрд. теңге (4 325 жоба). Коронавирус карантиніне байланысты «Экономиканың зардап шеккен секторларындағы кәсіпкерлер үшін субсидиялау» бағдарламасы енгізілді, ол 2020-2021 жылдарда өтті. Ең төмен көрсеткіштерді «Жаңартылатын энергияға инвестициялау тәуекелдерін төмендету» бағдарламасынан байқай аламыз (1 млрд. теңге – 2020 жылда, 2 млрд. теңге – 2023 жылда).

Кесте 1 – 2019-2023 жылдар аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлерге ұсынылған қаржылық кепілдік беру, млрд. теңге


Бағдарламалар атауы	2019		2020		2021		2022		2023		2023 жылдан 2019 жылға қарағанда өзгерістер, жобалар сомасы бойынша
	млрд. теңге	жоба саны	млрд. теңге	жоба саны	млрд. теңге	жоба саны	млрд. теңге	жоба саны	млрд. теңге	жоба саны	
Бизнестің жол картасы	75	1 726	215	6 797	300	16 806	355	20 610	333	7 944	+344%

Қарапайым заттар экономикасы	7	87	47	123	48	172	11	40	6	13	-24%
Даму оптимума	14	203	10	100	16	179	11	129	25	222	+79%
Жаппай кәсіпкерлік (Еңбек)	8	657	4	326	1	62	-	-	-	-	-
Агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларға кепілдік беру	-	-	-	-	-	-	-	-	0,43	4	+100%
Ескерту: авторлар [5] дереккөзі негізінде құрастырған											

1-кестеге сәйкес, қаржы даму институтымен мемлекеттің кәсіпкерлеріне қаржылық кепілдік беруі бағдарламалар аясында көрсетілген. Атап кететін жайт, бұл мекеме кәсіпкерлер үшін екінші деңгейлі банктер алдында кепіл болады, өйткені көптеген кәсіпкерлерге несие алу кепілдік болмауына немесе несие тарихының шектеулігіне байланысты несие алу қиындығы туады. Сондықтан, бұл кәсіпкерлерге өз бизнесін өрлету үшін қажетті қаржылық ресурстарға қол жеткізу мүмкіншілігін туғызады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ екі жақ арасында, яғни несие алушы мен несие беруші арасында, тәуекелдерді азайтуға көмектесетін өткізгіш ретінде әрекет етеді. Сол себепті, несие беруші банктер қаржы даму институтының беретін кепілдіктерінің арқасында артықшылықтарға ие болады. Мысал келтіретін болсақ, ол төмен пайыздық мөлшерлемелермен немесе ұзартылған өтеу мерзімдерімен несие алуға кәсіпкерлерге жол ашылуы.

Сол себепті, 2023 жылдан 2019 жылға қарағанда өзгерістертер талданды (яғни, 2019 жылдағы көрсеткішті 100% деп санағанда): «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша 344%-ға өсті (2019 жылы – 75 млрд. теңге, яғни 100%, 2023 жылы – 333 млрд. теңге, яғни 444%), ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 24%-ға пәстеленді (2019 жылы – 7 млрд. теңге, яғни 100%, 2023 жылы – 6 млрд. теңге, яғни 86%), келесі «Даму оптимума» бағдарламасы бойынша 79%-ға артты (2019 жылы – 14 млрд. теңге, яғни 100%, 2023 жылы – 25 млрд. теңге, яғни 179%). «Еңбек» бағдарламасы 2017 жылы жұмыс жасай бастады, бірақ 2021 жылы тоқтатылған болатын. Ал 2023 жылдан бастап жаңа бағдарлама енгізілген, ол агроөнеркәсіпті қолдау бағдарламасы болатын.

Келесі қаржылық қолдау түріне жеңілдетілген қаржыландыруды жатқызуға болады. Жеңілдетілген қаржыландыру аясында қаржы даму институтының демеуімен несие алушыларға, яғни орта және шағын кәсіпкерлерге, несие беру барысында икемді шарттар қолданылады. Сондай жеңілдікті шарттарға несиенің мерзімінің ұзарту, негізгі берешекті өтеуді кейінге қалдыру және сол сияқты қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін жақсартуға ықпал ететін басқа да шарттар жатады.




Сурет 3 – 2019-2023 жылдар аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету аясында ұсынған жеңілдетілген қаржыландыру

Ескерту: авторлар [5] дереккөзі негізінде құрастырған

3-суретте «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі қарастырылып отырған аралықта берілген жеңілдетілген қаржыландыру бойынша несие беруде төмендеу тенденциясын байқауға болады. 2019 жылы 245 млрд. теңгені құрайтын 18 971 жобаға жеңілдетілген қаржыландыру берілген, ал 4 жылдан кейін жеңілдетілген қаржыландыру 198 млрд. теңгені құрайтын 3 330 жобаға берілген. Демек, төрт жыл аясында 47 млрд. теңгеге қаржыланған жобалар сомасы азайған.

Демек, қаржы даму институты жұмыс жасау барысында міндетті түрде әлеуметтік-экономикалық ықпалын келтірді. Бұл орындалған жұмыстың түпкілікті және мықты нәтижесі деп білуге болады.



Сурет 4 - 2019-2022 жылдар аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның қаржы тетіктерінің көмегімен қаржыландыру арқылы шағын және орта кәсіпкерлерге әлеуметтік-экономикалық ықпалы

Ескерту: авторлар [6] дереккөзі негізінде құрастырған

4-суретке сәйкес, 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі аралықта Қазақстан мемлекетіндегі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның кәсіпкерлерге қаржылық көмек көрсету салдарынан пайда болған әлеуметтік-экономикалық ықпалы бейнеленген. Әр елдің бастапқы, маңызды және орны толмас ресурсы сол елдің халқы болып табылады. Халықтың әл-ауқаты жұмыс орнының болуына тікелей байланысты. Сондықтан, жұмыс орнымен қамтамасыз етілген адам саны – өте маңызды көрсеткіш деп санаймыз. Қаржы даму институтымен қаржыландыру көмегімен Қазақстанда 2019 жылдың ішінде орта және шағын кәсіпорындарында 470 600 адам басы жұмысқа орналастырылған. 2021 жылға дейін бұл көрсеткіш жыл сайын даму тенденциясында болған, яғни көрсеткіштің өрлеуі байқалады. Ал 2021 жылы жұмыспен қамтамасыздандырылғандар саны өз шыңына жеткен (715 900 адам). Бірақ 2022 жылы жұмыскерлер саны дерлік 2 есеге қысқартылған. Әр кәсіпте экономикалық жағдайына байланысты ішкі кадрлық ауыстырулар орын алады, сондықтан өзгерістеріне оңды да, солды да болуы мүмкін.

Мемлекеттің қазынасына «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның көмегімен қаржыландырылған кәсіпорындар тарапынан түсетін салықтың үлесі өсуде. Атап кеткенде, 2019 жылда 371 млрд. теңгені, 2020 жылы – 573 млрд. теңгені, 2021 жылы – 922 млрд. теңгені, ал 2022 жылы – 1 205 млрд. теңгені құрайды. Дегенмен, мемлекет кірісі өссе, ұлттық қолдау жобалары да өсуде.

2019-2022 жылдар аралығында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаржыландырылған шағын және орта кәсіпкерлері өндірген және шығарған өнімдер сомасы жыл сайын өсуде. Ең төмен көрсеткіш 2021 жылы 4 712 млрд. теңгені құраған, сонымен қоса, 2022 жылы үлкен секірісті байқаймыз – 10 800 млрд. теңге. Соңғы 9 жыл ішінде Қазақстанның жалпы ішкі өнімі өсуді көрсеткен болатын. Алайда, 2020 жылдан басқа, COVID пандемиясы болды, ал сол себепті, осыған орай елдің экономикасында бірқатар шектеулер енгізілді. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысын қарастыратын болсақ, елдің жалпы ішкі өнімі 8,8%-ға өскен болатын [7].

Айта кететін жайт, жалпы қаржыландыру әр түрлі көздерден қаражат тарту арқылы жүзеге асырылады, ал мемлекет инвестициялық белсенділікті ынталандыру үшін жағдай жасай отырып, шешуші рөл атқаратынын есте сақтауымыз керек [8].

Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту үшін Қазақстанда дамыған базалық инфрақұрылым және елеулі транзиттік әлеует инфрақұрылымдық жобаларға ірі инвестициялардың тартылуына ықпал ету қажет. Олардың дамуы ел өңірлерінде орта және кіші кәсіпкерлікті жүргізу үшін жағдайларды жақсартуға оң әсер етеді [9].

Осылайша, орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту Қазақстан Республикасы экономикасының өсуі үшін стратегиялық маңызы бар бағыт болып саналады және де бұл бағдарда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ шешуші рөл атқаратын қаржы даму институты жұмыс істейді. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру ел экономикасының тұрақты түрде дамуына және халықтың өмір сүру деңгейін өсіруге ықпал етеді [10].

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, біз жүргізген зерттеу жұмысы Қазақстандағы орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаржы даму институтының қаржыландыру тетіктерін қолдану призмасы арқылы қарастыратын талдамалық еңбек болып табылады. Өйткені, зерттеу барысында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тарапынан қаржыландырудың кәсіпкерлер үшін қол жетімділігі, елдің бизнес ортасына әсері және оның тиімділігі сияқты негізгі аспектілер қарастырылған болатын.

Зерттеу мемлекет ішінде қаржы даму институтының кәсіпкерлерді қаржылық қолдау арқылы қаржы ресурстарына қолжетімділігімен қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап көрсетеді. Зерттеу негізгі қорытындылары мен ұсынымдары мемлекеттің кәсіпкерлік ортасының ерекшелігін ескеретін тиімді қаржыландыру тетіктерін әзірлеу қажеттілігін, сондай-ақ, кәсіпкерліктің алуан сегменттері үшін несиелеудің қолжетімділігі мен шарттарын жақсартуды қамтиды. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді қолдау барысында қаржы даму институты олардың әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуіне көмек көрсету маңыздылығына баса назар аударылу мүмкіндігін арттыру жұмыстарын басым түрде жасауы керек.

Осылайша, Қазақстандағы кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырудағы негізгі ойыншысы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ атты қаржы даму институты болып саналады.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала авторлардың өз есебінен жазылған. Авторларда мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі:

Аубакирова Махаббат Биржановна – ақпараттарды жинау, жұмыс нәтижелерін талдау, деректерді визуалдау, жобалау, әдебиеттерді іздеу, мақаланың мәтінін жазу, пайдаланған әдебиеттер тізімін ұсыну мен рәсімдеу.

Мақыш Серік Биханұлы – мақаланың мазмұнын сыни тұрғыдан қарау, интерпретация жасау, библиографиялық талдау жасау, талдауларды түсіндіру, мақаланы сыни қайта қарау.

Әдебиеттер тізімі

1. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысы [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P970000665_ (қаралым: 30.06.2024)
2. Сейтказиева А.М. Финансовые институты Республики Казахстан. – А.: Экономика, 2008. – 132 с.
3. Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысы [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000516_ (қаралым: 01.07.2024)
4. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://damu.kz/> (қаралым: 01.07.2024)
5. 2018-2023 жылдардағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ -ның жылдық есептіліктері [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://damu.kz/ru/o-fonde/otchetnost-fonda/godovye-otchetny-fonda/> (қаралым: 01.07.2024)
6. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/> (қаралым: 05.07.2024)
7. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайты [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://gov.kz/> (қаралым: 05.07.2024)
8. Оңдаш А.О., Нургабылов М.Н., Хамзаева А.В. Проблемы и перспективы финансового обеспечения индустриально-инновационного развития Республики Казахстан в условиях трансформации глобальной финансовой системы // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия: Экономика. - 2024. - №1. - С.191-205. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-191-209>
9. Рахматуллаева Д.Ж., Кудашева Т.В., Калдияров Д.А., Urinboyev R.U., Хаджиева А.Б. Ведение бизнеса в Казахстане: оценка доступности инфраструктуры // Экономика: стратегия и практика. – 2024. - том 19. №2. - С.84-99. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2024-2-84-99>
10. Кучукова Н.К., Шаяхметова К.О., Тюлюндиева Н.М. Инвестиционные возможности Казахстана // Реформа. – 2018. – №3(79). – С.16-31.

М.Б.Аубакирова*¹, С.Б. Мақыш²

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Есил университет, Астана, Казахстан

(E-mail: a_maxabbat@mail.ru, makysh.sb@yandex.ru)

Влияние механизма финансирования финансовых институтов развития на предпринимательство в Казахстане

Аннотация. В статье исследуется финансовый институт развития, который напрямую влияет на процветание предпринимательства в Казахстане. Им является АО «Фонд развития предпринимательства «Даму». Исходя из проведенного нами исследования, предусмотрен анализ развития активности предпринимательской деятельности в Казахстане, финансируемый финансовым институтом развития такого уровня. В ходе исследовательской работы было оценено влияние данного национального учреждения на стимулирование развития среднего и малого предпринимательства, также рассмотрены ключевые механизмы и инструменты финансовой поддержки, предоставляемые предпринимателям. Полученные результаты вполне могут быть использованы для подготовки предложений по улучшению финансовой поддержки предпринимательства. Ведь исследовательская работа основана на реальных статистических данных.

Авторами проведен комплексный анализ структуры и качества средств финансовых институтов развития в Республике Казахстан, выделенных малому и среднему предпринимательству. На основе анализа и собранных данных в статье можно увидеть эффективное использование финансовых ресурсов для укрепления предпринимательских позиций в государстве, улучшения финансовых механизмов. Это, в свою очередь, приводит к снижению социальных и экономических различий в стране, устойчивому экономическому росту.

Ключевые слова: финансовый институт развития, механизм финансирования, акционерное общество «Фонд развития предпринимательства «Даму», социально-экономическое развитие, развитие предпринимательства, малый и средний бизнес.

М.В.Аубакирова*¹, S.B.Makysh²

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Esil University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: a_maxabbat@mail.ru, makysh.sb@yandex.ru)

The impact of the financing mechanism of financial development institutions on the entrepreneurship in Kazakhstan

Abstract. The article examines the financial institution of development, which directly affects the prosperity of entrepreneurship in Kazakhstan. Based on our research, an analysis of the development of entrepreneurial activity in Kazakhstan is provided, funded by a financial development institute of this level. During the research, the impact of this national institution on stimulating the medium and

small businesses' development was assessed, financial support's key mechanisms and tools provided to entrepreneurs were also considered. The results obtained may well be used to prepare proposals for improving financial support for entrepreneurship. The research is based on real statistical data.

The authors conducted a comprehensive analysis of the structure and quality of funds of financial development institutions in the Republic of Kazakhstan allocated to small and medium-sized enterprises. The most important aspect of the study is the analysis of the use of funds' effectiveness in economy's favor. Based on the analysis, the article shows the effective use of financial resources to strengthen entrepreneurial positions in the state and improve financial mechanisms. This leads to a decrease in social and economic differences in the country, and sustainable economic growth.

Keywords: financial development Institute, financing mechanism, joint stock company "Damu Entrepreneurship Development Fund", socio-economic development, entrepreneurship development, small and medium-sized businesses.

References

1. Shagyn kasipkerlikti damytu Koryn kuru turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 1997 jylgy 26 sauirdegi № 665 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 26, 1997 No. 665 on the establishment of the Small Business Development Fund]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P970000665_ [in Kazakh] (accessed 30.06.2024).
2. Seitkazieva A.M. Finansovye instituty Respubliki Kazakstan [Financial institutions of the Republic of Kazakhstan]. (Almaty, 2008, 132 p.) [in Russian].
3. Damu instituttaryn, karjy uymdaryn baskaru juiesin ontailandyru jane ulttyk ekonomikany damytu jonindegi keibir sharalar turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2013 jylgy 22 mamyrdagy № 571 Jarlygyn iske asyru jonindegi sharalar turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2013 jylgy 25 mamyrdagy № 516 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 25, 2013 No. 516 on measures to implement the decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated May 22, 2013 No. 571 on some measures to optimize the management system of development institutions, financial organizations and develop the national economy]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000516_ [in Kazakh] (accessed 01.07.2024).
4. "Damu" kasipkerlikti damytu kory" AK-nyn resmi saity [The official website of Damu Entrepreneurship Development Fund JSC]. Available at: <https://damu.kz/> [in Kazakh] (accessed 01.07.2024).
